



ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҢЫЗДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД елдері қауіпсіздік органдары мен арнаулы қызметтері басшылары кеңесінің 55-ші отырысына қатысушылармен кездесті.

Мемлекет басшысы бұл аланның қауіпсіздік саласындағы күш-жігерді үйлестіру тетігі ретінде танылғанын, сондай-ақ қазіргідей күрделі кезеңде Кеңестің рөлі бұрынғыдан да артып келе жатқанын атап өтті.

Президент шұғыл және сараптама-лық ақпаратпен дер кезінде алмасу өңірлік қауіпсіздікке төнетін қауіптер мен сын-кәтерлерге қарсы тұру қабілетін арттыра түсуге және елдеріміздің ұлттық мүдделерін қорғау үшін үйлестірілген тәсілдерді дайындауға ықпал ететінін айтты.

Мемлекет басшысы бұл кездесудің қорытындысы халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға септігін тигізіп, Достастық мемлекеттерінің арнаулы қызметтері арасындағы өзара ықпалдастықты одан әрі дамытуға оңтайлы жағдай жасайтынына сенім білдірді.

Жиынға Әзербайжан, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан елдерінің, сондай-ақ ТМД терроризмге қарсы орталығы мен Атқарушы комитеті делегацияларының басшылары қатысты.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ ӨЛШЕМІ



Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Судьяларының IX съезіне қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Судьяларының IX съезінде сөз сөйледі. Іс-шараға еліміздің барлық аймағынан келген судьялар, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ шетелдік сарапшылар қатысты.

Президенттің айтуынша, әділ сот мемлекеттің тірегі, сондықтан сот билігі қашанда абыройлы әрі мінсіз болуға тиіс.

– Заң мен Тәртіп – әділетті қоғамның негізгі өлшемі. Бұл – заң алдында бәрі бірдей, тең құқылы деген сөз. Сол себепті сот органдары азаматтардың

басты қорғаны болуы керек. Елде заң үстемдігі орнаса, халықтың билікке деген сенімі нығаяды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің сот саласын кешенді реформалау ісіндегі қол жеткізген негізгі жетістіктеріне тоқталды.

– Елімізде Конституциялық Сот құрылды. Сот жүйесінің институционалдық дербестігі нығайды. Сала бюджетін басқару құзыреті қазылар қауымының өзіне берілді.

(Жалғасы 2-бетте)

МИНИСТР «ШАЙЛЫҚТЫ» НЕГЕ ЗАҢДАСТЫРДЫ?

Байырғы заманнан бертінге дейін қазақтар ризашылығын ақ батамен білдірген. Қазіргі заманда қоғамдық тамақтандыру орындарында ақшамен алғысын білдіру жоралғысы қалыптасқан. Оның көлемі клиенттің қолының ашықтығына және қаншалықты риза болғанына байланысты еді. Енді «шайлықты» төлеу міндетті талапқа айналмақ. Сауда министрлігі мейрамхана-дәмханалардың қонағына қызмет көрсеткені үшін 10% қосымша ақы алуын тарихта тұңғыш рет заңдастырып берді. Бұл бастама қоғамда резонанс тудырып отыр.



→ 7

• БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

БОЛАШАҚТЫҢ БАҒБАНЫ



→ 8

КЕШІР БІЗДІ, АЙАРУ!



→ 11

УЛАНҒАН БАЛАНЫ УАЙЫМДАҒАН КІМ БАР?

Бала үшін отбасынан кейін ең сенімді, қауіп аз, білім мен тәрбиенің қайнар бастауы болуға тиіс мектепте оқушылар тамақтан ұланды.



→ 6

САЯСАТ

5 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРДЫ ӨЗГЕРТУ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Сот төрелігінің тиімділігі жөніндегі Еуропалық комиссияның президенті Франческо Депаскуалені қабылдады.

Қазақстан Республикасы Судьяларының ІХ съезі аясында Қасым-Жомарт Тоқаев Сот төрелігінің тиімділігі жөніндегі Еуропалық комиссияның (СЕРЕЈ) президенті Франческо Депаскуаленмен кездесіп, сот жүйесінің реформасы жөнінде пікір алмасты.

Президент Ұйым сот төрелігінің халықаралық стандарттарын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын

атап өтіп, Қазақстан тарапы құқық қорғау механизмдерінің озық тәжірибесін отандық сот жүйесіне енгізуге айрықша мән беретініне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде құқықтық және демократиялық қағидаттарға арқа сүйейтін мемлекет құру үдерісі қарқынды жүріп жатқанын айтты. Бұл ретте сот жүйесін реформалау және заң үстемдігін қамтамасыз ету өте маңызды рөл атқарады.

Өз кезегінде Франческо Депаскуале адам құқықтары мен сот төрелігінің тиімділігін қамтамасыз ету мәселесінде ынтымақтастыққа әрдайым дайын екенін жеткізіп, Қазақстанда осы салада жүргізіліп жатқан реформаларды оң бағалады.

СОТ ДЕРБЕСТІГІ НЫҒАЯ ТҮСТІ

Мемлекет басшысы Халықаралық сот әкімшілігі қауымдастығының президенті Луис Пальманы қабылдады.

ҚР Судьяларының ІХ съезі алаңында Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық сот әкімшілігі қауымдастығының (ІАСА) президенті Луис Пальмамен кездесті.

Жүздесуде Қазақстандағы сот реформасының өзекті мәселелері талқыланды. Президент елімізде сот әкімшілігінің жаңа жүйесі құрылғаннан кейін соттардың дербестігі нығая түскенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Луис Пальма сот органдары арасындағы тығыз ынтымақтастықтың, сот төрелігі жүйесін жаңғырту саласында тәжірибе алмасудың және сот өндірісін цифрландырудың маңызды екеніне назар аударды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Сот әкімшілігінің ІАСА-мен өзара ықпалдастығы аталған саланы жаңа деңгейге көтеріп, сапасын арттыра түсетініне сенім білдірді.

Өз кезегінде Луис Пальма Қазақстанның сот жүйесін басқару сегментіндегі жаңа өзгерістерді жоғары бағалап, Халықаралық сот әкімшілігі қауымдастығының басқа мүшелері біздің еліміздің тәжірибесін зерделеуі қажет екенін айтты.

ЗАҢ мен ТӘРТІП – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ ӨЛШЕМІ

(Басы 1-бетте)

Күштік құрылымдар судьяларға қысым көрсетпеуі үшін тиісті шаралар қабылданды. Кадрларды іріктеу жүйесі жаңартылды. Бірінші сатыдағы сот төрағасы қазылар қауымының ұсынысымен тағайындалады. Жоғарғы Соттың судьялары Конституцияда көрсетілген жаңа тәртіп бойынша сайланатын болды, яғни оларды Сенат баламалы негізде тандайды. Алқа билер тәжірибесі кенінен қолданыла бастады. Қазір оларды іріктеу жұмысы цифрлық жүйеге толық көшкен. Сондай-ақ Әкімшілік әділет қызметі пайда болды. Бұл құрылым жеке адамдардың және кәсіпкерлердің құқығын тиімді қорғауға мүмкіндік береді. Бүгінде сот істерінің жартысынан астамы азаматтар мен бизнестің пайдасына шешіліп жатыр. Бұл – жақсы үрдіс. Түптеп келгенде, мұның бәрі экономиканы өркендетуге және еліміздегі инвестициялық ахуалды жақсартуға жол ашады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы соттардың қызметін одан әрі жетілдірудегі басым міндеттерге назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, сот төрелігіне қол жеткізуде соттардың шешіміне кассациялық тәртіппен шағымдану мүмкіндігін беру маңызды.

– Биыл шілде айында қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша жеке-жеке кассациялық сот құруды қарастыратын заңға қол қойдым. Олар өз қызметіне келесі жылдың 1 шілдесінен бастап кіріседі. Қазір оған қажетті дайындық жұмыстарын жүргізу маңызды. Кассациялық соттардың кадрлық құрамы тәжірибелі судьялардан жасақталуы керек. Кассациялық соттардың дербестігі азаматтарымыздың сот төрелігіне қол жеткізуіне мол мүмкіндік беріп, инвестиция тартуға, бизнес жүргізуге оңтайлы жағдай жасайды. Ең бастысы, бұл әділдік қағидаттарын және құқық үстемдігін толық жүзеге асыруға



ықпал етеді. Сонымен қатар бұл қадам Жоғарғы Соттың жүктемесін азайтады. Енді Жоғарғы Сот органы сот практикасының бірінғай болуын қамтамасыз ету жөніндегі міндетіне алаңсыз кірісе алады, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, келесі басымдық – саланы цифрландыруды жалғастыру.

– Цифрлық технологиялар азаматтардың сот процесіне қатысуын айтарлықтай жеңілдетті. Сондай-ақ сот қызметінің барынша ашық болуын қамтамасыз етті. Елімізде арнайы ақпараттық жүйе бар. Судьялар сол арқылы басқа соттардың шешімдерімен таныса алады. Бұл – әділ сот актілерін қабылдауға мүмкіндік беретін ұтымды тәсіл. Соның арқасында ортақ мәлімет қоры қалыптасады. Бұл деректер сот процесіне қатысатын тараптың бәріне қолжетімді болуы керек. Сол кезде әркім өзіне қатысты істің нәтижесін бағамдай

алады. Бұл бастама сотта қаралатын дауламайды азайтады. Жұрт та босқа арызданып, шағымдана бермейді. Жалпы, сот ісін жеңілдету – маңызды міндет. Ол үшін озық технология мен жасанды интеллектіні кенінен пайдаланған жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сот ісін қашықтан жүргізу азаматтық істер бойынша аумақаралық соттылық жүйесін енгізуге мүмкіндік бергенін айтты. Сондай-ақ осы тәжірибені әкімшілік істерде қолдануды көздейтін заң жобасы депутаттардың қарауында жатыр.

– Биыл сот отырыстары алғаш рет онлайн көрсетіле бастады. Осындай тәсілмен екі сот процесі өтті. Сот істері миллиондаған адамның көз алдында мейлінше ашық жүргізілді. Мұндай қадам жұрттың сот жүйесіне сенімін нығайта түсті деуге болады. Бұл – әрине, бұрын-соңды болмаған жаңашылдық. Сондықтан судьялар мен айыптау-

шыларға қойылатын талап күшейді. Сотқа қатысушы тараптар ашық сот алаңында өз ойларын еркін жеткізе алады. Барлық сот отырысында осындай жоғары стандарт болуы керек. Сотты онлайн өткізудің тағы бір ұтымды тұсы бар. Азаматтардың құқықтық сана-сезімі өзгеріп келеді. Заңгер мамандығына деген қызығушылық артты. Жастар заң саласындағы мамандарды үлгі тұта бастады. Мұның бәрі қоғамда кәсіби маман болу құндылығын дәріптеуге мүмкіндік береді. Жалпы, сотты онлайн өткізу жұрттың құқықтық мәдениетін көтеруге оң әсер етуде. Бұл – елімізде Заң мен Тәртіп қағидатын орнықтыратын тиімді тәсіл, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сот мамандарын іріктеу және құзыретін күшейтуге баса мән беру қажет екенін жеткізді. Президенттің айтуынша, Жоғарғы Сот кенесі дербес әрі кәсіби судьялар корпусын қалыптастырудың кепілі болуға тиіс.

– Жалпы, судьялар адалдықтың, дербестіктің және әділдіктің жарқын үлгісі болуы керек. Сондықтан судьялардың этикалық нормаларды сақтауы ерекше маңызды. Жаңа өзгерістерге сай енді сот ісін қарау кезіндегі барлық өрескел қателікті қазылар қауымы тексереді. Бұл – соттардың тәртіптік жауапкершілігін күшейтуге бағытталған жаңа тәсіл, – деді Президент.

Сөз соңында Мемлекет басшысы судьялардың жаңа Әдеп кодексі қабылдауды қолдады. Бұл құжат соттардың тәртібінде жоғары стандарттарды бекітіп, сот жүйесіне қоғамның сенімін нығайта түседі.

Жиында Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев, Сот төрелігінің тиімділігі жөніндегі Еуропалық комиссияның (СЕРЕЈ) президенті Франческо Депаскуале, Халықаралық сот әкімшілігі қауымдастығының (ІАСА) президенті Луис Пальма сөз сөйледі.

БАҒДАР

5 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

СЕНАТ

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МҰРАСЫН ДӘРІПТЕУГЕ АРНАЛДЫ



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған Парламенттің бір топ депутаты ұлы ойшыл, түркі әлемінің көрнекті тұлғасы Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасын дәріптеуге арналған халықаралық конференцияға қатысты.

Мәулен Әшімбаев Қожа Ахмет Ясауидің есімі бірегей тарихи тұлға ретінде бүкіл әлемге белгілі екенін атап өтті. Ол түркі өркениетінің дамуына және қазақ дүниетанымының қалыптасуына елеулі үлес қосты. Сондықтан ойшылдың мұрасын терең зерттеп, оны дәріптеу аса маңызды. Палата Спикері осы тұрғыдан келгенде, халықаралық деңгейде ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу

ерекше мәнге ие екенін айтты. Сондай-ақ Сенат Төрағасы ұламаньың есімін ұлықтап, оның адамзатты ізгілік пен мейірімділікке шақыратын еңбектерін жан-жақты зерделеуге Мемлекет басшысы үнемі баса мән беріп келе жатқанына тоқталды.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев Ясауи қазақ халқының ғана емес, бауырлас елдердің бірлігін бекемдеу ісінде маңызды рөл ат-

қаратын тұтас түркі әлеміне ортақ тұлға екенін айтты. Сондай-ақ ол ойшылдың есімі мен еңбегі – рухани диалог пен мәдениетаралық және дінаралық келісімнің алтын көпірі болатынына сенім білдірді.

«Қожа Ахмет Ясауи түркі халықтарының мәдени және рухани өмірінде ерекше орын алады. Ол түркі жерінде ислам өркениетінің дамуына зор ықпалын тигізді. Ясауидің «Диуани хикмет» атты еңбегі – баршамыз үшін құнды жәдігер. Оның өсиеттері қоғамда адамзаттық ауқымдағы гуманистік құндылықтарды дәріптеуге жол ашады. Сондай-ақ адамзатты ізгілікке, бауырмалдық пен адал еңбекке шақырады. Ясауидің хикметтері бейбітшілік пен сабырлыққа табан тірейді. Ол өзінің шығармаларында адамгершілік пен имандылықты ұлықтап, халықты татулыққа үндейді. Осы ретте мұны съезінің идеяларымен үндес екенін айта кеткен абзал», – деді Мәулен Әшімбаев.

Ауқымды іс-шараға Парламент депутаттарымен бірге Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілдері, шетелдік және отандық түркітанушы ғалымдар, шығыстанушылар, сарапшылар, руханият пен зиялы қауым өкілдері және қоғам қайраткерлері қатысты.

МӘЖІЛІС

СОТ РЕФОРМАСЫ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ТАЛҚЫЛАЙДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттардың талқылауына «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін реформалау және процесстік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын екінші оқылымда қарау ұсынылады.

Парламент депутаттары бастамашы болған түзетулер Мемлекет басшысының сот жүйесін реформалау жөніндегі бірқатар тапсырмасын іске асыруға бағытталған. Заң жобасы аясында Қылмыстық-процестік, Азаматтық-процестік, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстерге және басқа да заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Сонымен қатар Мәжіліс Қазақстан мен Қатар арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын жұмысқа қабылдайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ • ЦЕНТРАЛЬНАЯ КОМИССИЯ РЕФЕРЕНДУМА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РЕФЕРЕНДУМ 2024

«ДАУЫС БЕРУ КҮНІ»

2024 жылы 6 қазанда республикалық референдум өтеді.

- денсаулық жағдайына байланысты;
- отбасындағы науқас адамға күтім жасауына байланысты;
- референдум учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасса, учаскеден тыс жерде дауыс бере алады.

✓ **6 қазан**
ОКТАБРЯ
РЕФЕРЕНДУМ · 2024

- ✓ Референдумда қойылатын сауал: «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?»
- ✓ Референдум учаскесінде осы учаскенің тізіміне енгізілген азаматтар, сондай-ақ есептен шығару туралы куәліктерін ұсынған адамдар дауыс бере алады.
- ✓ Қазақстан азаматтарының барлығында дауыс беру күні референдум учаскесіне келуге мүмкіндігі бола бермейді.
- ✓ Референдумға қатысуға құқығы бар азаматтар мынадай себептер бойынша:

- ✓ Мұндай жағдайларда азамат орналасқан жері бойынша дауыс беру туралы жазбаша өтініш бере алады.
- ✓ Өтініш беру мерзімі – дауыс беру күні жергілікті уақыт бойынша сағат он екіге дейін.
- ✓ Дауыс беру референдум күні сағат жетіден жиырмаға дейін өткізіледі.
- ✓ Әркімнің дауысы маңызды!

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы

ФОРУМ

5 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

Астанада «АМАНАТ» партиясының бастамасымен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының II республикалық форумы өтті. Форумға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты. Сондай-ақ жиынға Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев және Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов, Мемлекеттік кеңесші, Президент Әкімшілігінің басшылығы, Үкімет мүшелері, Парламент және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары жиналды.

**Тілекгүл
ЕСДӘУЛЕТ**

Алқалы жиынды ашқан Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов мәслихат депутаттарының форумында алғаш рет еліміздегі алты саяси партияның өкілдері, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары мен бір мандатты округтерден сайланған депутаттар бас қосқанын атап өтті. Сонымен қатар партия Төрағасы бұл форумның ең өзекті мәселелерді талқылайтын, пікір алмасатын дәстүрлі алаңға айналып келе жатқанын және соңғы жылдары елімізде түбегейлі реформалар жүргізіліп, іске асқанына тоқталды.

«Конституциялық өзгерістердің нәтижесінде саяси институттардың үйлесімді жұмысы жолға қойылды. Бұл реформалар түйткілді мәселелерді шешуге, байыпты шешімдерді қабылдауға жол ашты. Заң шығарушы органның қызметі мен мазмұны да толықтай өзгерді. Көппартиялы Парламент түрлі пікірді тоғыстырған қоғамның үніне айналды. Қазір күн тәртібіндегі кез келген мәселе Парламент қабырғасында ашық талқыланып жатыр. Азаматтарды алаңдатқан ең көкейкесті мәселелер заңнамалық деңгейде шешімін табады», — деді Төраға.

Спикердің айтуынша, Әділетті Қазақстанды құру — елдегі ауқымды реформалардың темірқазығы. Оң өзгерістер қоғамның ертеңі күнге деген үмітін оятып, халықты Мемлекет басшысы ұстанған реформалар төңірегінде топтастырды. Қазақстандықтар таңдалған жолдың дұрыстығына көз жеткізіп, өткен конституциялық референдумда, Президент сайлауында толық сенім артты. Мәжіліс Төрағасы алдағы референдум қорытындысы қоғам сенімін одан әрі нығайта түсеріне сенім білдірді. Ол азаматтардың үміті мен сенімі — Қазақстанның жарқын болашағының негізі, ал Президент бастамалары мен реформаларын табысты іске асыру барлығымыздың ортақ жауапкершілігіміз деді.

Партия Төрағасы Ерлан Қошанов және форумда баяндама жасаған Мәжіліс пен мәслихат депутаттарын, сала мамандарын тыңдағаннан кейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сөз алды. Мемлекет басшысы алдымен жиынға қатысушыларды форумының ашылуымен құттықтап, мәслихаттың мемлекеттік биліктің өте маңызды тармағы екеніне тоқталып, 2022 жылы референдум арқылы Конституцияға маңызды өзгерістер енгізілгені, соның нәтижесінде

МӘСЛИХАТ – МЕМЛЕКЕТТІК



Парламенттің рөлі айтарлықтай күшейгені, жалпы билік институттарының жұмысын жетілдіру үшін нақты шаралар қабылданғаны туралы атап айтты.

— Шын мәнінде, бұл жиынның мән-маңызы айрықша. Депутаттар өзекті мәселелерді ашық айта білетін, азаматтардың қоғамдағы ой-пікірін атқарушы билікке тікелей жеткізетін қауым. Бір сөзбен айтсақ, депутат болу — халықтың үні болу деген сөз. Мәслихат — мемлекеттік биліктің өте маңызды тармағы. Аймақ жұртшылығының тыныс-тіршілігі, мұң-мұқтажы қашанда мәслихат депутаттарының жіті назарында болуға тиіс. Сайлаушылардың мүддесін қорғап, ел үмітін ақтау — басты парыз. Мен мәслихаттардың қызметіне ерекше мән беремін.

Атап айтсақ, облыстық мәслихат сайлауы аралас жүйе арқылы өтеді. Ал аудандық депутаттар тек мажоритарлық тәсілмен сайланады. Бұл қадам еліміздің демократиялық жолмен дамуына зор серпін берді деп сеніммен айта аламыз. Ауқымды реформаның нәтижесінде саяси бәсеке жандана түсті. Жаңа ережеге сай өткен сайлаудан кейін мәслихаттарға жаңа адамдар келді. Бүгінде ортамызда көптеген жас депутат отыр. Олар түрлі мінберден жастарға қатысты өзекті мәселелерді батыл көтеріп жүр, — деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент мәслихат депутаттарының негізгі міндеттерін атап өтті. Мәслихат депутаттары саяси сауатты, жергілікті бюджеттің ісіне араласатын адам болу керек және мәслихат саясаткерлердің жаңа толқынын қалыптастыратын орынға айналуға тиіс.

«Бірінші. Мәслихат депутаттарының біліктілік деңгейін жоспарлы түрде арттыру қажет. Мәслихаттар — жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі негізгі институт. Сондықтан оның тиімділігі депутаттардың кәсібилігіне тікелей байланысты. Біліміне білігі сай депутаттар корпусын жасақтауға, ең алдымен, оларды ұсынған партиялар мүдделі болуы керек. Бүгін мәслихат депутаттарының біліктілігін жетілдіру туралы ұсыныс айтылды. Мәслихат депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру үшін бұл бағытқа ерекше назар аудару қажет. Бұған Мемлекеттік басқару академиясын тарту керек. Пар-

тиялар өз депутаттарының біліктілігін жетілдіру мақсатында Академиямен ынтымақтастық орнатқаны жөн деп санаймын. Әрине, бұл жұмысты аймақтың ерекшеліктерін, халық қалаулыларының кәсіби және қоғамдық-саяси тәжірибесін ескере отырып ұйымдастыру қажет. Сонымен бірге депутаттар халықпен тікелей байланыс жасай білуге және өз жұмысы туралы қоғамды жан-жақты хабардар етуге тиіс. Мойындауымыз керек, бұл істе көзге көрініп тұрған кемшіліктер бар. Атап айтқанда, мәслихат депутаттарының сайлаушылар алдындағы есебі көбіне формалды түрде өтеді. Мұндай кездесулерге тыңғылықты дайындалып, сапалы өткізуге ерекше мән берген дұрыс. Саясат дағдыларын меңгеру, адамдармен сөйлесе алу және ашық диалог кезінде өз ұстанымын дәлелдей білу өте маңызды.

Екінші. Мәслихаттардың жергілікті экономикалық саясатқа ықпалын арттыра түсу мәселесіне айрықша назар аудару керек. Қазір жаңа Бюджет және Салық кодекстері әзірленіп жатыр. Онда жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты реформаның ерекшеліктері ескерілуге тиіс. Үкімет ауыл әкімдерінің бюджетін қалыптастыру және оны жұмсау тәсілдерін қайта қарауы керек. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің қаржылық дербестігін арттыру үшін нақты ұсыныстар әзірлеуі қажет. Кодекс жобаларын талқылауға мәслихаттар белсене қатысқаны жөн. Жергілікті бюджет қаржысының дұрыс әрі тиімді бөлінуі өте маңызды. Қазір республикалық бюджеттің кіріс бөлігі толық орындалмай жатыр. Мен Жолдауда Үкімет пен Ұлттық банкке осыған қатысты нақты шаралар қабылдауды тапсырдым», — деді Президент.

Ал үшіншіден, мәслихаттар жалпыұлттық міндеттерді жүзеге асыруға үлес қосуы керек.

«Быттыр менің төрағалығыммен өткен еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған кеңейтілген кеңеске көптеген депутаттар қатысты. Мұндай жиын алдағы уақытта да өтіп тұрады. Себебі реформаларды өңірлерде іске асыруда мәслихаттардың орны айрықша. Мәслихаттардың мемлекеттік және қоғамдық міндеттерді жүзеге асыруға етене араласуы, өздері түрлі бастама көтеруі маңызды.

Сондықтан жастарға, әйелдерге, кәсіпкерлерге, зейнеткерлерге, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға қолдау көрсету, халықтың қарыз жүктемесін азайту, ауыл тұрғындарының кірісін арттыру, пайдаланылмай жатқан және заңсыз берілген жерлерді қайтару, экологиялық, қаржылық сауаттылықты жетілдіру, сондай-ақ қоғамдағы оқу мәдениетін қалыптастыру сияқты жобалар — айрықша назар аударуды қажет ететін өзекті мәселелер», — деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы төртіншіден, мәслихаттар мен әкімдіктер өзара үйлесімді жұмыс істеуі керек екенін айтты.

«Реформаның арқасында еліміздегі әкімдер институты айтарлықтай өзгерді. Ауыл әкімін тікелей сайлау тәсіліне біржола көштік. Аз уақыттың ішінде ауыл әкімдерінің 90 пайызына жуығы жанарды. Сондай-ақ аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайлау жүйесін пилоттық жоба ретінде сынап көрдік. Биылғы Жолдауда айттым, олардың бәрі жаңа жылдан бастап сайланатын болады. Осылайша, басты билік тармақтары түгел сайлау жүйесіне көшті. Қазақстан тарихында ешқашан ондай тәжірибе болмаған. Тіпті, мұндай ауқымды реформа осы аймақта біздің елде ғана жасалып жатыр деуге толық негіз бар. Мұның бәрі — демократиялық даму жолындағы айрықша маңызды қадамдар», — деді Президент.

Мемлекет басшысы Үкіметке «Қарызсыз қоғам» және «Ауыл аманаты» секілді партиялық жобалардың ауқымын кеңейтуге көмектесуді және «Таза Қазақстан», «Адал еңбек — Адал табыс» қағидасы сияқты басқа да негізгі факторлар арқылы Әділетті Қазақстан құрудың маңыздылығына мән беру керектігін тапсырды. Тек Жарлықпен жасалатын, Өкіммен орындалатын әдеттен арылып, тазалық пен тәртіпті қанға сіңген қағидаға айналдырудың маңыздылығына мән берді.

«Жалпы, біздің елімізде заң және тәртіп үстемдік құруға тиіс. Сонда ғана реформаларды табысты жүзеге асыруға және ел экономикасына инвестиция тартуға болады. Заң және тәртіп — Әділетті Қазақстанның мызғаман тұғыры. Кез келген қоғам әділдік болғанын қалайды. Қазақстан халқының да талабы — осы. Сондықтан мен әділдік қағидатын орнықтыруға бар күш-жігерімді саламын», — деді Президент.

БИЛІКТІҢ МАҢЫЗДЫ ТАРМАҒЫ

ПІКІР

Нұрғоре
ЖҮСІП,
Сенат
депутаты:



БАЛАЛАР ТӘРБИЕСІНЕ БЕЙҚАМ ҚАРАМАУ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елордада мәслихат депутаттарының ІІ республикалық форумында ел өміріндегі өзекті мәселелерді атап өтті.

«Былтыр менің төрағалығыммен өткен еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған кеңейтілген кеңеске көптеген депутат қатысты. Мұндай жиын алдағы уақытта да өтіп тұрады. Себебі реформаларды өңірлерде іске асыруда мәслихаттардың орны айрықша. Мәслихаттардың мемлекеттік және қоғамдық міндеттерді жүзеге асыруға етене араласуы, өздері түрлі бастама көтеруі маңызды», – деді Президент.

Мемлекет басшысы мәслихат депутаттарының айрықша сенім мандаты иесі екенін қадап айтты.

«Тұрғындар сіздерді жақсы біледі. Ой-пікірін өздеріңізге тікелей жеткізеді. Мәселесін шешуге көмектеседі деп үміт артады. Осы жауапкершілікті терең

сезініп, халыққа адал қызмет ету керек. Әлемдегі ахуалды көріп отырсыздар. Ең бастысы, еліміз тыныш, жұртымыз аман. Әрине, түрлі қиындықтар кездесуі мүмкін. Бірақ татулық пен келісім болса, біз оның бәрін міндетті түрде еңсереміз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ашық аспан астындағы бейбіт өмір ең басты байлық екенін еске салды. Шын мәнінде, әлемде соғыс өрті тұтанып, жан-жағымыз отқа оранып жатқанда бейбіт Қазақстандағы өмірдің мәнін дұрыс сезінген абзал.

Президент бұл мәселеге көбірек тоқталды. Заманауи технологиялар дамуға даңғыл жол ашатынын, сондай-ақ өмірімізге айтарлықтай қауіп төндіретінін жеткізді. Танымал әлеуметтік желілер балаларды ғана емес, үлкендерді де зомбиге айналдыруы мүмкін.

«Ата-аналар балаларының тәрбиесін мемлекетке немесе мектепке ысыра салмауы керек. Гаджеттердің құрсауында қалдыруға тіпті болмайды. Балаларына цифрлық гигиенаның қарапайым ережелерін үйретуге ата-ана жауапты. Ұл-қыздарымызға көңіл бөлу, бірге уақыт өткізу, оларды алаңдатқан мәселелер жайында әңгімелесу маңызды. Баланың смартфон немесе компьютер пайдаланған кезінде не істеп жатқанын қатаң қадағалау керек», – деді ол.

Балалар мен жасөспірімдер арасында ел ішіндегі шынайы қаһармандарды насихаттауды тапсырды. Бұл да өте керек нәрсе.

кізетін қауым. Сондықтан аймақ-аймақтағы халықтың үнін жеткізушіміз.

Оның үстіне «AMANAT» партиясынан сайланған депутаттарға талап күшейтілген. Бес жылда елмен етене жақын жұмыс істеуі тиіс. Егер депутат бір жыл ішінде өзінің сайлауалды бағдарламасы бойынша нақты нәтиже көрсетпесе, мандатынан айырылады. Сол себепті қол қусырып, қарап отырған жоқ. Депутаттың қай-қайсысы да еліміздің қарқынды дамуына бағытталған нақты іс-әрекетке үлес қосуға көшті. Мәселен, Әділетті Қазақстан бағыты бойынша Шымкент қаласы мәслихатының депутаттары ауқымды жұмыс атқарып жатыр. Қазір біз Шымкент қаласы әкімдігінің бастамасымен бұрынғы әкімдердің кезінде жеке қолға негізсіз өтіп кеткен маңызы бар мемлекеттік нысандарды мемлекет меншігіне қайтару жұмысы белсенді жүргізіп жатырмыз. Сондай-ақ тексеріс барысында көптеген жерде бюджеттің негізсіз жұмсау фактілері анықталды.

Талғат
БАЛТАБАЕВ,
Шымкент қаласы
мәслихатының
депутаты:



ҮӘДЕСІНДЕ ТҰРМАСА, МАНДАТЫНАН АЙЫРЫЛАДЫ

Бүгінгі жиында еліміздің түкпір-түкпірінен әріптестеріміз бас қосып, пікірлесіп, жұмыс барысын талқыладық. Мәслихат депутаттарының ІІ республикалық форумынан біздің аларымыз көп. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, депутаттар – өзекті мәселелерді ашық айта білетін, азаматтардың қоғамдағы ой-пікірін атқарушы билікке тікелей жет-

Сырымбек СӘРСЕМБАЕВ,
Атырау облыстық мәслихатының депутаты:

МОНОҚАЛАЛАРДЫ ДАМУЫ КЕРЕК

Мұнай, газ, көмір, темір, басқа да қазба байлықтар – күндердің күнінде таусылатын шикізат қоры. Сондықтан да еліміздегі барлық моноқаланың экономикасын әртараптандыру керек. Арқалық, Құлсары, Кентау, Риддер, Саран сынды еліміздегі 27 моноқаланы дамытуымыз керек. Ол үшін елімізде жұмыс істейтін шетелдік ірі компаниялар бірінші кезекте отандық шағын және орта бизнестің, жергілікті кәсіпкерлердің тауарлары мен өнімдерін сатып алуға басымдық беру керек. Бірақ ірі мұнай өндіруші мекемелер өздеріне қажетті өндірістік құрал-жабдықтарын, барлық керекті заттарын шет елдерден әкелуде. Бүгінде Теңізшевройл, Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг, НСОС сияқты ірі мұнай өндіруші үш мекеменің сатып алып отырған тауарларындағы қазақстандық мазмұн, отандық өнімдермен (қамту) мөлшері шамамен 10%-дан аспайды. Сондықтан еліміздегі ірі компаниялардың сатып алатын тауарларының қазақстандық құрамы, яғни отандық өнімдердің үлесін кемінде 50 пайызға жеткізуіміз керек деп есептеймін.

Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ,
Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының
жетекшісі:



ХАЛЫҚТЫ ЗАҢҒА БАҒЫНУҒА ШАҚЫРДЫ

Мәслихат депутаттарының ІІ республикалық форумында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәслихат депутаттарының біліктілігін арттыру туралы айтты.

Президент мәслихат депутаттарының бірінші кезекте прогрессивті, практик және оптимист болу қажет деді. Ал олардың жолы – мемлекеттік саясатты қолдау, оны қорғау және мемлекеттік идеяның артында тұру. Яғни, оны халыққа жеткізе білу. Бізде кейде мемлекетшіл азаматтар пікірдің не болмаса резонансты ойдың құрбаны болып кететін жайттар бар. Міне, ондайдың жетегінде кетпеуі керек.

Екіншіден, форумда қоғамдағы ұшығып тұрған, елді мазалап жүрген жағдайлар қозғалды. Атап айтсақ, суицид мәселесі. «Әр баланың өлімі – менің жүрегіме ауыр соққы» деп айтқан Президенттің сөзімен толық келісемін. Әрбір бала ертенгі күні еліміздің дінгегін қалайтын азамат. Ең бірінші жауапкершілік ата-анада. Бәріміз бала өсіріп отырмыз, сондықтан бұл мәселеге ата-ана белсенді атсалысуы қажет.

Мемлекет басшысының көтерген үшінші мәселесі – халықты ұйысуға, ортақ тәртіпке, заңға бағынуға шақырды. Себебі кез келген мемлекеттің болашағы заң мен тәртіптен тұрады. Депутат Ринат Рифхатұлы айтқандай, қазір күш көрсетіп, әлімжеттік жасайтын заман емес. Тәрбие мен білімнің, мәдениеттің заманы. «Таспен ұрғанды аспан күткен» халықпыз. Сондықтан осы мәселелерге ден қою керек деп есептеймін.

Ғабит ТӘЖІМҰРАТОВ,
Астана қаласы мәслихатының депутаты:



ФОРУМ – ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ АЛАҢЫ

Президент мәслихат депутаттарының біліктілігін арттыруды тапсырды. Сондай-ақ мәслихаттар мен әкімдіктерді үйлесімді жұмыс істеуге шақырды. Саяси шараға еліміздің түкпір-түкпірінен үш мыңдай депутаттың қатысуы бекер емес. Форум – орталық пен аймақты біріктіріп, сол проблемаларды талқылайтын, пікір алмасатын алаң. Бұл жолғы форум, біріншіден ақылдасу және ой қозғау, тәжірибе алмасу алаңы болды.

Қала тұрғындарымен үнемі етене жұмыс істейтіндіктен, бізді жақсы біледі. Ой-пікірлерін біз тікелей жеткізеді. Бізге сенім артып, мәселелерін үнемі айтып, шешуге көмектеседі деп үміт артады. Осы жауапкершілікті терең сезініп, халыққа адал қызмет ету керек.

Дулат ӘБШ,
Түркістан облыстық мәслихатының депутаты:

ДЕПУТАТТАР ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУІ ТИІС



Мәслихат депутаттарының форумына биыл екінші рет қатысып отырмын. Маған ұнағаны – сөз сөйлеген азаматтардың бәрі нақты әрі ұшығып тұрған, бүгінгі күннің мәселелерін көтерді. Форум сонысымен де қызықты болды. Мемлекет басшысы сөз сөйлеген әр депутаттың сөзін қолдап, қуаттады. Тіпті, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев депутаттар, оның ішінде ауылдық депутаттардың бәрі бір мандаттан сайланатынын жеткізді. Сондай-ақ облыстық мәслихатта депутаттар бірмандатты және партиядан сайланғаны бар. Әлі де болса оларға толығымен көңілі тоймайтынын білдірді. Оған да себеп бар. Мәселен, Парламент депутаттарының отырысы дебат ретінде өтеді. Олардың әрбір сөйлеген сөзі қызу талқыланып, соны пікірсайысқа ұласады. Президент осыны үлгіге алу керекін атап өтті. Ол – рас. Бізде бірнеше партия бар. Әлде де болса олардың бәсекелес емесі өз басымыздан өтіп жатыр. Алдағы уақытта ондай депутаттар ұйқыдан оянып, шынымен халықпен жұмыс істейтін болар деп сенемін.

Оған қоса, атқарушы билік пен депутаттар қос билік тармағы бойынша сайлаушыға жұмыс істеуі керек. Қорыта айтсақ, Президенттің бүгінгі көтерген мәселесінің бәрі тікелей депутаттарға қатысты. Сондықтан бұл форум жалғасуы керек. Өйткені осы арқылы депутаттар өз кем-кетігін түзеп, білімін жетілдіре түседі.

Елдос ДАЛАБАЙ,
Тараз қалалық мәслихатының депутаты:



ХАЛЫҚ АМАНАТЫНА АДАЛМЫЗ!

Форум кезінде Мемлекет басшысы депутаттарды жан-жақты болуға үндеді. Әрі олар қоғам тамырын дөп басып, аймақ жұртшылығының мұң-мұқтажын үнемі назарда ұстауы тиіс. Ол үшін қажет болса, жергілікті депутаттардың біліктілігін арттыру қажет деді. Бұдан бөлек, мәслихаттар мен әкімдіктерді алдағы уақытта үйлесімді жұмыс істеуге шақырды.

Бұрынғыдай өтірік әңгіме жоқ. Халық алдындағы аманатымызды адал атқарып жатырмыз деп ойлаймын. Себебі мені сайлаған тұрғындар қандай мәселе айтса да, мен олардың мәселесін әкімдікке айтамын, олар бір айда менің сұрағымға жауап береді.

МӘСЕЛЕ

5 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

Бала үшін отбасынан кейін ең сенімді, қауіп аз, білім мен тәрбиенің қайнар бастауы болуға тиіс мектепте оқушылар тамақтан уланды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, оқушылар, соның ішінде бастауыш сынып оқушылары мектепте тегін ыстық тамақ ішуге тиіс. Алайда Президенттің бұл тапсырмасын жергілікті атқарушы билік органдары дұрыс атқарып отыр ма?

**Тілегүл
ЕСДӘУЛЕТ**

Естеріңізде болса, 7 қыркүйекте Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданындағы Бесшоқы ауылының (бұрынғы Маңғыстау-5) №8 мектебінде бірінші ауысымның 1-4-сынып оқушылары мектеп асханасынан ішкен тамақтан жаппай уланғанын БАҚ жарыса жазды. 8 қыркүйекте 141 бала медициналық көмекке жүгінгені белгілі болды. Оның ішінде, 82 оқушы емханада емделіп, 43-і үйде дәрігерлердің бақылауына алынған, ал 16 бала ауруханаға жатқызылған. Бұл оқиға бойынша облыста жедел жұмыс тобы құрылып, Қылмыстық кодекстің 304-бабы (Санитариялық қағидаларды немесе гигиеналық нормативтерді бұзу) 1-бөлімі бойынша іс қозғалып, облыстың Ұлттық сараптау орталығының зертхана мамандары жоспардан тыс эпидемиологиялық тексеру жүргізді. Дайын тамақ өнімдерінен, су және асхана қызметкерлерінен бактериологиялық тексеруге сынамалар алынған. Ведомство мектеп асханасын санитариялық-эпидемиологиялық тексеру барысында өрескел санитарлық бұзылушылықтар анықталғанын хабарлады.

Оқиғаға қатысты Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту министрлерін және Маңғыстау облысының әкімін тыңдаған Премьер-Министр Олжас Бектенов бір ай ішінде республикадағы барлық мектептердің асханасында санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына мониторинг жүргізуді тапсырды.

«Ас — адамның арқауы» деген тәмсілге сүйенсек, балалардың дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету — бұл мектептегі тамақтану жүйесін жетілдіруден бастап, бала денсаулығы мен салауатты өмір қалыптастыру іс-шараларын өткізуге дейінгі кешенді шешімді қажет ететін негізгі міндет саналады. Сондай-ақ баланың үйде қалай тамақтанатыны және мектептегі ас мәзірін қадағалаудың маңызы зор. Салғырттықтан сан соғып қалмас үшін еліміздің мектеп асханаларына санитарлық-эпидемиологиялық тексеріс жүргізумен қатар, тамақ өнімдерін жеткізуші компаниялардың да жұмысына үнемі мониторинг жүргізілуі керек.

Маңғыстаудағы жағдайдан кейін біз Оқу-ағарту министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігіне хат жолдап, мектеп асханаларына қатысты СЭС-тің жауапкершілігі қандай, азық-түлік өнімдерінің сапасы, қауіпсіздігі және сақтау мерзіміне байланысты талаптарға кім жауап береді, мердігер компанияларға бақылау бар ма деген сұрақтарға жауап іздеген едік.

Оқу ағарту министрлігінің ұзын-сонар жауабын (4 бет) жолдапты. Онда «Маңғыстау об-

УЛАНҒАН БАЛАНЫ УАЙЫМДАҒАН

лыстық білім басқармасы, аудандық, қалалық білім бөлімдері мектеп басшыларымен, әлеуметтік педагогтермен және өңірлік Бала құқықтары жөніндегі өкілдің қатысуымен тамақтандыруды ұйымдастыру мәселесі бойынша шұғыл жиналыс ұйымдастырылды. Өңірлерге ыстық тамақты ұйымдастыру сапасын және балалардың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету және тамақтану уланудың алдын алу мақсатында еліміздің барлық мектебінде тамақтануды ұйымдастыру мониторингін жүргізу және санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын бақылау, бракераж комиссияларының қызметі, тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі өнім берушілердің біліктілік талаптарға сәйкестігі жөніндегі шарттық міндеттемелердің орындалуы секілді талаптардың орындалуын ведомствоаралық сараптамалық топтар арқылы бақылауға алу туралы тапсырма берілді. Өнім беруші қызметтерді сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін мүлдем не тиісінше орындамаған жағдайда тапсырыс беруші жосықсыз өнім берушілердің тізбесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес, өнім берушінің міндеттемелерді бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, өнім берушіні балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты қызметтерді жосықсыз жеткізуші деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінеді», — делінген. Іліп алар тұжырым, нақты жауап жоқ.

Ал Денсаулық сақтау министрлігі атынан хатымызға жауап берген (4 бет) Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының орынбасары Нұрқан Сәдуақасовтың айтуынша, министрлік бақылаудағы объектілерге, оның ішінде білім беру объектілеріне мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жетілдіру бойынша белгілі бір жұмыс жүргізуде.

«Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.Бектеновтың тапсырмасы бойынша ас блогтарының мониторингі 2024 жылғы 9 қыркүйектен басталды, ол Білім басқармасымен және Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен бірлескен бұйрығы бойынша жүргізіледі. Мониторинг жүргізу кезінде барлық мектептің асханасында санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақ-

талуы тексеріледі. Бүгінде мониторингпен 4 663 мектеп асханалары қамтылды. Анықталған бұзылушылықтар бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету және тамақтану уланудың алдын алу мақсатында ас блогы қызметкерлерімен, мектеп әкімшілігімен және тамақтандыру қызметтерін жеткізушілермен түсіндіру жұмыстары мен семинарлар өткізілуде. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда», — деді ведомство өкілі.

Егер құзырлы Һәм жауапты органдар бала денсаулығы үшін тамақтанудың, тамақтану мәдениетін қалыптастырудың қаншалықты маңызды екеніне алаңдаған болса, оқушылардың улануына жол бермес пе еді?! «Болары болып, бояуы сіңген сон», оның өзінде Премьер-Министр тапсырма бергеннен кейінгі бізге берген жауабы: екі министрліктің де, «тексерілуде», «тапсырма берілуде», «жиналыс өтуде» «жауапқа тартылуда», «ата-аналар мен қызметкерлердің сауатын ашу

КІМ БАР?



Оқиғаға қатысты Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту министрлерін және Маңғыстау облысының әкімін тыңдаған Премьер-Министр Олжас Бектенов бір ай ішінде республикадағы барлық мектептердің асханасында санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына мониторинг жүргізуді тапсырды.

берген болатын. Депутаттардың ұсынысына Тамара Дүйсенованың көзқарасы қандай және жалпы жағдайға қатысты Үкімет қандай шаралар қабылдап жатқанын білу үшін хабарласқан едік, жауап болмады.

АСТАНА МЕКТЕП АСХАНАЛАРЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ?

Астана қаласы Білім басқармасы республикадағы барлық мектептің асханаларында санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына мониторинг жүргізу туралы Премьер-Министрдің тапсырмасына сәйкес бірқатар жұмыс атқарыпты. Бір айға жуық тексеріс нәтижесі туралы Білім басқармасының жанынан құрылған ведомствоаралық expertтік топтың мүшесі, тамақтану саласында тәуелсіз сарапшы Бактыхан Шанбаеваның айтуынша, мектептердің санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік мәселелері «Халықтың санитар-

лық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы» заңымен реттеледі. Осы заңға сәйкес, жергілікті Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменттері (СЭБД) оқушылардың денсаулығы мен олардың мектептегі жағдайын бақылауды жүргізуге міндетті. Білім басқармалары СЭБД функцияларын өз бетінше орындай алмайды, бірақ олармен тығыз ынтымақтастықта бола алады.

— 2023 жылғы 23 қаңтарда Астана қаласында тамақтану сапасын бақылау бойынша ведомствоаралық сараптама тобы (МЭГ) құрылды. МЭГ бракераждық комиссиялардың жұмысын жүйелі түрде қадағалап, оқушыларды тамақтандыруды тиімді ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдайды.

Тағам сапасын бақылау мектеп басшылары мен бракераждық комиссияға жүктелген. Олар тек балғын өнімдерді пайдалануын және олардың белгіленген стандарттарға сай болуын қадағалауы керек. Жарамдылық мерзімі өткен немесе сапасыз өнімдерді қолдану үшін жауапкершілік жеткізушіге және мектеп әкімшілігіне жүктеледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, мектеп асханаларында жұмыс істейтін аспаздар мен басқа да қызметкерлер медициналық тексеруден өтіп, санитарлық кітапшалары болуы қажет. Олар кәсіптік біліктілікке ие болуы керек. Тамақтандыру қызметтерін жеткізушілерді таңдау 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрыққа сәйкес жүзеге асырылады. Конкурстық рәсімдерді Астана қаласының Ақтөбе және мемлекеттік сатып алулар басқармасы жүргізеді, — деді тәуелсіз сарапшы Бактыхан Хасенқызы.

Оның айтуынша, биылғы оқу жылының басында-ақ астаналық МЭГ мектептерде тамақтануды мониторингілеуді бастады. Қазір қаланың 50 мектебі тексерілді.

— Астана қаласындағы кейбір мектептер дені сау тамақтану бағдарламасына пилоттық режимде қатысты, бүгінде пилоттық жоба аяқталды. Мектеп оқушылары санитарлық нормаларға сәйкес, «Медициналық университет Астана» ұлттық акционерлік қоғамы әзірлеген және бекіткен бірегей мәзір бойынша тамақтанады.

Мектептердегі тамақтану Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 320 қаулысымен реттеледі. Осы құжатқа сәйкес, мектеп асханалары теңгерімді, қауіпсіз және пайдалы тамақпен қамтамасыз етуге міндетті, — деді маман.

Түйін:

Мектеп асханаларындағы тамақ сапасының және аспаздардың талапқа сай болмауының салдарынан оқушылар жапа шекті, денсаулығы белгілі бір деңгейде нұқсан келді. Премьер-Министр тапсырма бергеннен кейін ғана мектептердің асханаларында санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына мониторинг жүргізіліп жатыр. Не қылса да, бала құқы мен денсаулығын қорғауда айтылып, атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижелі болғанын көретін күн де туар.

5 ҚАЗАН – ҰСТАЗДАР КҮНІ

5 ҚАЗАН 2024 | СЕНБИ

Елімізде әр сала майталмандарының кәсіби мерекесі атап өтіледі. Оның ішінде білімнің көзін ашып, еліміздің өркендеуіне үлес қосушы ұстаздардың да күнтізбеде атаулы күні белгіленген. Бұл күн қазан айының алғашқы жексенбісінде дәстүрлі түрде атап өтіліп келген келген еді. Былтырдан бастап мұғалімдердің кәсіби мерекесі 5 қазанға ауысты. Мұндай нақты күннің белгіленуі қоғамда ұстаздардың беделі жоғары екенінің көрінісі болса керек.



А Сымбат
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

М. Жұмабаевтың «Алты Алаштың баласы бас касса, төр – мұғалімдікі» дегені бар. Расында, сауат аштырып, пайым мен парасатты үйлестіріп бере білетін ұлағатты ұстаздарға төрден орын беру – құптарлық іс. Дамыған елдің қатарынан жай табу үшін бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруымыз керек. Бұл да мұғалімнің еншісіндегі іс екені анық. Осылайша, бір ұлт ұландарының сауатты болып бой түзеуіне жауапты ұстаздардың қоғамдағы беделі жылдан жылға өсіп келеді. Парламент Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова «Педагог мәртебесі туралы» Заңға енген өзгерістен кейін бірқатар мәселе оң шешімін тапқанын айтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүйелі реформаларының негізінде қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» заң аясында педагогтердің кәсіби қызметіндегі бірқатар маңызды мәселе шешілді. Біріншіден, мұғалімдердің құқықтары мен міндеттері нақты реттелді, бұл оларды заңсыз артық жұмысқатартудан қорғады. Бұрынғыдай міндетті түрде сенбіліктерге қатысу, қоғамдық жұмыстарды орындау сияқты міндеттер заңнамалық деңгейде шектелді. Мұғалімдердің тек оқу-тәрбие жұмысына шоғырлануы олардың кәсіби беделін көтеруге ықпал етеді деп санаймын. Қазір университеттерге педагогикалық мамандықтарға мектепте жақсы оқыған балалар келуде. Осы реформалар және жалақының біршама өсуі, бұл педагог мамандығына деген еңбек нарығында сұраныстың көтерілуіне негіз болды, – деді депутат.

Сонымен қатар Ж.Сүлейменова әлемде мұғалімдер мәртебесін арттыру үшін бірнеше маңызды қағидаттарды атап өтті. Олар: жоғары кәсіби біліктілік талаптары, үздіксіз кәсіби даму мүмкіндіктері, материалдық және әлеуметтік қолдау, сондай-ақ қоғамның мұғалімдерге құрметі.

– Мұғалімнің қазіргі қоғамдағы беделі әртүрлі факторларға байланысты өзгеріп отырады. Педагогикалық мамандықтың беделі соңғы жылдары қабылданған реформалардың арқасында біршама өсті. Өсе береді деп санаймын. Жоғарыда айтылған заңнамалық өзгерістер мұғалім-

БОЛАШАҚТЫҢ БАҒБАНЫ

дердің әлеуметтік мәртебесін көтеріп, оларға деген қоғамның көзқарасын жақсартуға негіз болары айқын. Сонымен қатар ақпараттық технологиялардың дамуы және қоғамдағы өзгерістер мұғалімдерге жаңа міндеттер жүктейді. Онлайн білім беру, цифрлық дағдыларды игеру қажеттілігі мұғалімдердің кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп

ретінде қарастырылады. Ал Жапонияда мұғалім мәртебесі дәстүрлі түрде жоғары бағаланады. Мұғалімдерді құрметтеу – елдің мәдени құндылықтарының бір бөлігі. Жапонияда мұғалімдердің қызметі елдің әлеуметтік және экономикалық дамуы үшін аса маңызды деп танылған. Оңтүстік Кореяда мұғалімдерге жалақы төлеу, әлеуметтік кепілдіктер беру жақсы

500 мыңнан астам педагог қызмет етеді. Олар – білім беруден бөлек, балаларды рухани байытып, адамгершілік тәрбие беретін тұлғаның бірі. Сондықтан ұстаз еңбегі шәкірті жеткен барлық жетістіктердің негізі болмақ. Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығы басшының орынбасары Дидар Байтасов мұғалімнің қазіргі қоғамда беделі жоғары бағаланатынын айтты.

– 2019 жылы Президент қол қойған «Педагог мәртебесі туралы» заң күшіне енген соң педагогтер үшін оң өзгерістер болды.



отыруын талап етеді, ал бұл өз кезегінде олардың кәсіби беделін нығайта түседі.

Мұғалімнің мәртебесі заңдармен ғана емес, қоғамның мәдени құндылықтары мен көзқарасына байланысты қалыптасатынын ескеру қажет, – дейді Ж.Сүлейменова.

Депутаттың айтуынша, педагог мәртебесі туралы халықаралық тәжірибе әлемнің әртүрлі елдерінде мұғалімдердің құқықтарын қорғау, әлеуметтік қолдау, кәсіби біліктілік қабілеттерін өсіру мен білім беру сапасын жақсарту мақсатында түрлі заңнамалық және қоғамдық шаралармен жүзеге асырылады. Мысалы, Финляндияда мұғалімдер қоғамдағы ең құрметті мамандықтардың бірі болып саналады. Мұғалімдерге сенім арту – Финляндиядағы басты қағидалардың бірі. Бұл елде педагогтің беделі жоғары, себебі олар білім беру саясатының негізгі қозғаушы күші

дамыған. Бұл елде мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіру міндетті және мұғалімдер үнемі оқыту бағдарламаларына қатысады. Білім беру жүйесіне қоғам тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп, ата-аналар мен оқушылар мұғалімдердің еңбегін жоғары бағалайды. Германияда мұғалімдерге жоғары талаптар қойылып, оларды даярлау жүйесі өте қатан түрде жүзеге асырылады. Мұғалімдер университеттерде бес жылдан астам білім алып, педагогикалық практикадан өтеді. Олардың әлеуметтік мәртебесі мен жалақысы, әсіресе жұмыс тәжірибесі көп мұғалімдер үшін өте жоғары. Сонымен қатар Германияда мұғалімдердің кәсіби дамуы мемлекет тарапынан қолдау тауып, оларға арнайы тренингтер мен оқыту курстары ұсынылады.

Бүгінде Қазақстанда мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында

Әуелі, мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асырылуы аясында жалақының көтерілуі әлі де жалағасын тауып келеді. Ұстаздар үшін қосымша ынталандыру жүйелері жанартылып, ауылдық жерлерде сабақ беретін, дәптер тексеру, жаңартылған мазмұнды оқытатын мектеп мұғалімдеріне қосымша үстемеақылар қарастырылды. Айта кететін тағы бір ерекшелігі – жүктеменің азайтылуы. Яғни, бұрынғы оқу жүктемесі аптасына 18 сағат болса, қазір 16 сағатқа дейін төмендетілді. Бұл не үшін жасалды? Бұл мұғалімдердің сабаққа дайындалуына, кәсіби дамуына немесе жеке өмірі мен отбасына көбірек көңіл бөлу үшін мүмкіндік береді.

Заң жүзінде педагогтерді заңсыз әрекеттерден қорғау шараларын күшейтті және мұғалімдердің құқықтарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті қарастырды. Білікті

мұғалімдер жас мамандармен тәжірибесін бөлісу, оларға әдістемелік көмек көрсетуге ынталандыру мақсатында қосымша төлемақы жүйесі енгізілді. Сонымен қатар педагогке тән емес жұмыстарға тартуға, шамадан тыс есептер беруге, негізсіз тексерулер жүргізуге тыйым салу сияқты өзгерістер біздің педагогтерге сапалы білім берумен айналысуға мүмкіндік берді, – дейді ол.

Алаш қайраткерлерінің қоғамдағы мұғалім орнын жоғары бағалауы бүгінгі күнде өзектілігін жоймағанын негізге алған Дидар Байтасов осыған сәйкес, ұстаздарға талаптың күшейтілгенін де назардан тыс қалмағанын атап өтті.

– Қазіргі қоғамда ұстаздарға әрқашан ерекше құрмет көрсетіліп, олардың абыройын асырып жүреді. Бұл – біздің елде ғана емес, кез келген елде қалыптасқан үрдіс. Жылдан жылға педагогикалық мамандықты тандайтын жастар қатары көбейіп келеді. Десек те, мектептерде кейбір пәндер бойынша әлі жетіспеушілік бар. Әрине, олардың ішінде мұғалімдікке аяқасты келіп, немқұрайлы көзқараспен қарайтындары бар шығар. Бірақ мұғалім болуды шешкен талапкерлерге Ұлттық бірыңғай тестілеудің шекті балын 75 балға дейін көтерді. Мұны болашақ ұстаздарға деген талаптың күшеюі деуге болады. Бір жағынан мұғалімдік қызметке білімді, саналы азаматтарды тарту үшін жасалған қатан талап десек те болады. Жалпы, Қазақстанда ұстаздардың беделі мемлекеттік шаралардың арқасында күшейіп, нығайып келеді. Оны толық қалпына келтіру үшін жалақы өсіріп, экономикалық қолдау көрсетіп қоймай, қоғамдық қолдауды да жақсартуымыз қажет, – деді Дидар Байтасов.

Кәсіби мереке білім саласында жүрген мұғалімнің мерейін өсіріп, мәртебесін көтеруге оң ықпал етеді. «Мектептің жаны – мұғалім. Ол қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, балалар мектептен терең білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының осы сөзі қазіргі қоғамдағы ұстаздардың орны мен оларға қойылатын талапты айқын көрсетіп тұр.

ТАРИХ

5 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

АЛАШ МЕДИЦИНАСЫ

Қазақтың емшілік өнерінің, халықтық медицинасының өміршең озық дәстүрлері мен сұрыпталған сара тәжірибелерін ХХІ ғасырға майталмандықпен қолданып жеткізген жетелі шипагер, медицина ғылымының кандидаты Қайрат Айдарханұлының «Алаш медицинасы» атты тарихи-энциклопедиялық еңбегінде Алаш білімпаздарының ұлттық медицина тарихына, тәжірибесіне және теориясына қосқан жаңалықтарын, алдымен, осынау ұлы үрдістің тек-төркінен, бастау-негіздерінен, яғни бүтін Тұран елінің тарихынан Сақ, Ғұн, Түрік, Қыпшақ, Ислам, Қазақ хандығы дәуірлерінен қопара қозғап әңгімелейді, пайымдайды, бажайлайды. Ұлттық медицина тарихындағы айрықша жетістіктерді, тұрлауды тұжырымдарды нақнағымен сөйлетеді.

«Алаш медицинасы» еңбегінің тарихи сипаты, әлеуметтік-философиялық мәні өзгеше. Кешенді кемел зерттеуде тарихи һәм халықтық жазбалар, археологиялық, этнографиялық деректер Ұлы Тұран жұртының ғылыми-интеллектуалдық мәдениетін, көзқарасын, ұлылығын, ой-парасатын, әлеуетін танытады.

Халық емшісі Қайрат Айдарханұлының бір тамаша қыры — тақырыптың тарихнамасына да мұқият. Бұл дегеніңіз — оның ғылымға адалдығын көрсетеді. Осы ретте медицина тарихындағы сүбелі, сүйекті зерттеулердегі жаңалықты құбылыстарды тебіреніп, сүйсініп баяндайды. Мысалы, Гиппократ, Платарх, Пифагор, Сыма-Цянь, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, әл-Хорезми, әл-Бируни, Ар-Рази, Х.Бейли, Страбон, Аммиан Марцеллин,

Прииск, Марко Поло, Өтейбойдақ Тілеукабылұлы, А.Бернштам, Г.Грум-Гржимайло, С.Руденко, Л.Гумилев, Су Бихай, Юй Тайшан және басқасы.

Қайрат Айдарханұлы медицина майталмандарының мыңжылдық тәжірибелеріне ой көзімен барлап, олардың физиология, анатомия, диагностика, фармакология жайындағы ой-толғамдарын, түсініктерін біліктілікпен саралайды.

Автордың көрсетуінше, Гиппократ сактардың философиялық идеясынан нәр-қорек алғандығын дәлелдейді.

Шипагердің жазуынша, Өтейбойдақтың «Шипагерлік баяны» атты тарихи-этнографиялық энциклопедиясы тарих, философия, этика, этнография, астрономия, метеорология, әскери ғылым, психология, мәден-



иптамасындағы: «Таудай бақ басқа құласа да, кісі ауырса, ол түк те көзге көрінбейді. Ауруға кең аспан тор көктей, жер аяқты қысқан етіктей болады» деген сөз — түп-тура қаны сорғалаған ақиқат шындық. Мұнда Әлихан Бөкейханнан бастап, Халел Досмұхамедұлының, Бақтығали Бисеновтың, Әміре Айтбақының, Дәулетше (Дәулетшах) Күсепкалиевтің, Асылбек Сейітовтың, Есенғали Қасаболатовтың, Санжар Асфендияровтың, Мұхамеджан Қарабаевтың, Ахмет Маметовтың, Ахметжан Қозыбағаровтың, Алан Қозбағаровтың, Иса Қашқынбаевтың, Әбубәкір Алдияровтың, Жұмағали Тілеулиннің, Жұмахан Күдериннің және Алаш арулары Аққағаз Досжанованың, Гүлсім Асфендиярованың, Зейнеп Әбдірахманованың Алаш медицинасына байланысты ғылыми-шығармашылық өмірбаяны толық қарастырылған.

Жинақтай айтқанда, емші Қайрат Айдарханұлының «Алаш медицинасы» дейтін еңбегі — қазақтың арғы-бергі дәуірлердегі

иеттану, этнолингвистика ілімдерінің негізінде жазылған.

Мұнда өсімдіктен алынатын 728 түрлі, жан-жануардан алынатын 318 түрлі, металл-металлоидтардан түзілетін 318 түрлі шипалы дәрі атауы мен жарты мыңдай анатомиялық атау келтірілген. Неткен жақұт қазына!

Нені айтса да тереңнен толғайтын ыждаһатты Қайрат Айдарханұлы Ұлы Дала төсіндегі емшіліктің тұтас тарихын барынша қамтып, төрт түлік мал өнімдерінің қасиетін жіті танып, дертке дауа дәрі-дәрмек жасап, емдеу тәсілдерін шеберлікпен менгергенін, қолданғанын және қазақ халқының мүбәрәк мекенін қорғау, сақтау турасындағы ырым-тыйымдарын тақта-тақтасымен келістіре кестелейді.

Қазақ халқының нешеме ғасырлық байтақ тәжірибесін,



Қазақ халқының нешеме ғасырлық байтақ тәжірибесін, даналықты ой-тұжырымдарын болмысына жинақтаған Алаш қайраткерлерінің медицинаға қатысты іргелі, күрделі еңбектерін Қайрат Айдарханұлы ғылыми, тарихи, танымдық тұрғыдан салмақтықпен салмақтайды.

даналықты ой-тұжырымдарын болмысына жинақтаған Алаш қайраткерлерінің медицинаға қатысты іргелі, күрделі еңбектерін Қайрат Айдарханұлы ғылыми, тарихи, танымдық тұрғыдан салмақтықпен салмақтайды. Әсіресе, ұлт қаһарманы Әлихан Бөкейханның «Өмірде ең қымбат не? Ол — денсаулық» дейтін бай-

халық медицинасының шежіресі, шипагерлік қазынасы, ұлттық рухани игілігі.

Серік НЕГИМОВ,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы, профессор

ДИНИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ КУРС ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Жетісу облысы дін істері басқармасы жанындағы YERKIN Өнер академиясы жастар қоғамдық бірлестігі діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, деструктивті діни ағымдар идеологиясына қарсы насихат, дерадикаландыру және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу тәжірибесін қалыптастыру бойынша өңір имамдары үшін оқыту курсы ұйымдастырды.

Жобаның мақсаты — діни саладағы өзекті мәселелерді талқылау, аталған бағытта ақпараттық түсіндірме жұмыстары мен түрлі шара ұйымдастыру, өңірдегі діни мәселелерді шешуге ықпал ете отырып, имамдардың үйлесімді қызмет атқаруын қамтамасыз ету, сондай-ақ деструктивті діни идеологияның алдын алу, теріс бағытта жүрген азаматтарға тиісті негіздермен түсіндіріп бере алатын білікті имамдар корпусын қалыптастыру.

Жобада Жетісу облысы аумағындағы ҚМДБ мешіттерінде қызмет атқаратын 40 дін қызметкері екі апталық курстан өтті.

Құрста IHSAH ғылым және мәдениет орталығының төрағасы, РАТТ мүшесі, теология ғылымдарының PhD докторы Тимур Нүсіпханов, Жетісу университетінің профессоры, PhD докторы Бибігүл Әлмұхамбетова, Жетісу университетінің аға оқытушылары Венера Еңсеева және Динара Әшімова, НМУ профессоры, PhD докторы Алау Әділбаев, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушылары Мәрия Майлықұтова және Темур Аманқұл дәріс оқыды.

Жетісу облысында 11 конфессияға тиесілі 258 діни бірлестік және олардың



филиалдары қызмет атқаруда, оның ішінде 206-сы — ислам, 17-сі — орыс-православ, 3-еуі — рим-Католик, 30-ы — протестанттық, 1-еуі — Йегова куәгерлері, сондай-ақ 1-еуі — Бахаи қауымдастығы. Барлығы 319 діни қызметкер бар.

Қатысушыларға арнайы дайындалған ақпараттық үлестірмелі буклеттер берілді. Маңызды әрі мазмұнды ақпараттар талқыланған он бес күндік семинарға қатысушылар қызықты және ғибратты мағлұматтарға қанығып қайтты.

5 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

«Бәрі маған ақыл айтқыш. Сезбейді ғой олар дым, Өзім де елге көптен бері көсемсуді доғардым» немесе «Жамау етіп тұрмысқа жалақымды, Жалбақтаумен қарсы алам қонағымды. Өмір жәйлі әңгіме қозғай қалсаң, Бір ақымақ таппайсың, бәрі – ақылды!» – деп жырлапты ақын Тыныштықбек өлеңінде. Иә, бүгін әлеуметтік желі бетін аша қалсаңыз, ақыл айтатын «ақылмандардан» аяқ алып жүргісіз. Бір курс сатып алып, оқып кеңес беретін псевдо-психологтар, физика мен космос жайында уағыз айтатын молдалар, тарих жөнінде айтатын әлеуметтанушылар, қалай баю керектігін үйрететін коучтар – бүгінгі заманның «ақылмандары». Тренинг өткізіп ақилын ақыға сататындар да жетерлік. Дегенмен олардың айтқан ақылдарының рас, өтірігін бағамдап, ой таразысына салып, сыни ойлау жүйемізді қосып, сараптау бізге артылған жүк болмақ.

А Наурызбек САРША

Сонау бір заманда бір поэзия өнерінен аса хабары жоқ ортанқол ақынның «Патшаға арнап ғажап туынды жаздым. Осы туындымды хан қақпасының алдына іліп қойсам деймін» дегенде, қасындағы атақты бір ақын «Сол туындының қасына өзіңді де іліп қоюыңа кеңес беремін» дейді. Сонда әлгі «не үшін?» деп сұрағанда, «Осынау «ғажап» туындыңызды сіздің шығарғаныңызды хан ием білуі керек емес пе?» деген екен. Иә, қаншама ғасырлар бойы дарынсыздардың өз-өздерін асыра бағалағанына куә болып келе жатырмыз. Мұндай жағдай барлық салада кездеседі. «Мен ештеңе білмейтінімді білемін» деген грек данышпаны Сократ секілді өзінің білмейтіндігін білу үшін де білімпаз болуы керек демек. Ал біз өзіміздің білмейтіндігімізді білеміз бе?! Күмәніміз бар. Бұған әлеуметтік желідегі аспандағы жұлдыздан көп ақылшылардың білмейтіндігін біреуге үйреткісі келгендігін мысал етсек болады. Иә, әдетте тәжірибесіз адамдар өзінің қабілетін асыра бағалайды. Керісінше, тәжірибелі адамдар, өз мүмкіндігін төмендетуге бейім. Бұл ретте қытай данышпаны Лао Цзы «Білген айтпайды, айтқан білмейді» деп нақтылай түседі. Дегенмен осы бір құбылыстың психологияда атауы да бар болып шықты. Ол қандай құбылыс десеңіз, лирикалық шегініс жасайық...

ДАННИНГ-КРЮГЕР ЭФФЕКТИСІ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

1995 жылы сәуірде бір әумесер америкалық Питтсбургтегі бір күнде екі банкті тонады. Бір таңқаларлығы, ол тіпті бетін жасыруға тырыспай, керісінше банктен шығар кезінде бейнебақылау камераларына қарап жымған да екен. Банкте емін-еркін ешқандай бетпердесіз ойран салған қылмыскерді полиция лезде қолға түсіреді. Кейін белгілі болғандай бұл Макартур Уилер деген қылмыскер болып шықты. Бір күн өтпей сол күні түнде қолға түскен қылмыскердің сондағы танданысында шек жоқ еді. Өз қылмысын мойындамай қанша тулағанымен, ақыры оған камералардың бейне-

жазбасын көрсеткенде ғана сабағына түседі. Дегенмен ол «менің бетімде лимон шырыны болған еді ғой», – деп ол күбірлей беріпті. Уилер теріге лимон шырынын жағып алу оны бейнебақылау камераларына көрінбейтін етіп тастайды деп ойлаған сынайлы. Лимон шырыны көрінбейтін сия ретінде пайдаланатынын білетін оның ойынша, бейнекамерада бет-жүзі де көрінбейтін болуы тиіс еді. Бұл гипотезаны сынау үшін қылмыскер тонау алдында Polaroid-те бірнеше суретке түсіп те көрген екен. Бір таңғаларлығы, фотосуретте бет шынымен көрінбейді. Кейінірек тәртіп сақшылары мұның да сырын анықтады. Сынақ барысында лимон шырыны қылмыскердің көзіне тамып кетеді. Көзі ашып, абыржыған Уилер өзін түсіруде қалт кеткен екен. Демек, бос бөлмені түсірген. Полиция ақыры Уилердің есі ауыспаған және есірткі қолданбаған, бар болғаны ақымақтығымен қателесті деген тұжырым жасады.

Кейін Корнеллдегі психология профессоры Дэвид Даннинг пен оның аспиранттарының бірі Джастин Крюгер бұл құбылыстың керемет мысал екенін түсінді. Бұл құбылысты олар 1999 жылы зерттеп, ғылыми негіздеген. Зерттеушілер тобы студенттер арасында әзіл-оспақ, логикалық ойлау және грамматика бойынша тест өткізеді. Қатысушыларға нәтижелерін көрсетпес бұрын Даннинг пен Крюгер олардан өз жұмыстарын пайызбен бағалауды сұрады. Барлық үш сынақта ең төменгі балл жинаған студенттер (шамамен 15%) өз нәтижелерін олар жинағаннан 50%-ға жоғары бағалайды. Ал ең жоғары нәтижелерге қол жеткізген қатысушылар болса, өздерін жоғары бағаламай, керісінше қарапайымдылық танытыпты. Сосын ғалымдар «қабілетсіз адамдар өздерінің қабілетсіздігін түсіне ала ма?» деген сұраққа бастарын қатырады. Осылайша, бұл мәселені шешу үшін ғалымдар ең төменгі балл жинаған қатысушыларды қайта шақырды. Оларға енді басқа студенттердің сынақтарын бағалау ұсынылды, содан кейін бастапқы тестілеу нәтижелерін қайта бағалау ұсынылды. Олар өздерінің қабілетсіздігін мойындамағанымен қоймай, керісінше өздеріне одан да жоғары ұпай берді. Келесі зерттеулерінде



БӘРІ АҚЫЛДЫ ЕМЕС

Даннинг пен Крюгер зертханадан шығып, мылтық атып машықтанатын жерге барады. Ол жерде олар мылтық атуға әуестенетіндерден қарудың қауіпсіздігі туралы сұрау салады. Олардың алдыңғы нәтижелері сияқты сұрақтарға дұрыс жауапты ең аз бергендер өздерінің атыс қаруы жайындағы білімдерін асыра бағалайды. Ақыры ғалымдар «Білімсіздік пен білімсіздігін

дастыруға және оны жарнамалауға жұмсады. Айналасы оны «барлық дәуірлердің ең дарынсыз опера әншісі» дегеніне қарамастан, ол әйгілі болды. Оның репертуарында Моцарттың, Вердидің, Брамс пен Штраустың туындылары болды. Ол ешқашан нотаға тура түспейтін және байғұс аккомпаниаторлары оның сандық қабілетін, жарықшақты дауысын жасырамыз деп-ақ

німді, ал ақылды адамдар күмәнге толы» деп нақтылайды. Өз «таланттары» мен «тәжірибелеріне» тым сенімді жандардың күлкіге қалып жатқанын өмірде жиі байқауға болады. Бұл барлық салада бар. Спортта танымал кәсіпқой боксшыларды жекпе-жекке шақырған әуесқойлар жетерлік. Олардың қандай нәтижемен аяқталғаны да көпке таныс. Біз жоғарыда өзін зор, өзгені қор санайтындар туралы сөз еттік. Енді монетаның екінші жағына қарай ойыссак.

Крюгер өсерінің тағы бір белгісі – өзін қор санаулық. Бұл әдетте білімділер мен таланттылар арасында жиі көрініс табады. Мұндай адам өзінің құзыреттілігін жеткілікті түрде бағалай алмайды. Мұндай синдромы бар адам өзін-өзі бағалаудың төмендігінен зардап шегіп, өз білімін жеткіліксіз деп санайды, айналадағылардың бәрі сауатты деп ойлайды. Айырмашылығы сол, білімсіз адамдарға қарағанда шынымен білімдар адамдар басқалардың сынауынан қашпайды және кері байланыс жасап, қателігін түзетіп отыруға қауқарлы. Себебі олар – Конфуций айтпақшы, «Нағыз білім – өз надандығыңның деңгейін білу» деген қағиданы ұстанатындар. Бұны қазақ бір ауыз сөзбен «Болған жігіт болдым демес, болдым десе болғаны емес» деп қысқа қайырады.

“ Крюгер өсерінің тағы бір белгісі – өзін қор санаулық. Бұл әдетте білімділер мен таланттылар арасында жиі көрініс табады. Мұндай адам өзінің құзыреттілігін жеткілікті түрде бағалай алмайды.

білмейтіндер: өздерінің қабілетсіздігін мойындаудағы қиындықтар өзін-өзі жоғары бағалауға қалай әкеледі» атты мақаласын жариялады. Ақырында психологияда Даннинг-Крюгер эффектісі деген жаңа термин пайда болды.

Терминге байланысты тағы бір мысал. 2016 жылы Мэрил Стриптің «Примадонна» фильміндегі кейіпкерді еске түсіріңізші. Америкада XIX -XX ғасырларда өмір сүрген Флоренс Фостер Дженкинс есімді кейіпкер. Әлгі ханым көк түйір таланты, тіпті қабілеті болмаса да өз дәуірінің әйгілі әншісі һәм пианисткасы болды. Өйткені өзінің ғажайып «дарынына» сенімді болғаны сонша, өзін күлкіге айналдырған тыңдармандарын оның ғажап талантын көре алмайды деп қабылдаған. Әкесінің басқа мамандық таңда деп берген кеңесіне қарамастан, Флоренс бар байлығын қазіргі тілмен айтқанда өз концерттерін ұйым-

шаршайтын. Халық тіпті оның жексұрын дауысын тыңдап, күлкіге қарық болу үшін ғана концерттеріне топырлап жиналатын. Қалай дегенмен де Флоренс өз арманына жетті. Ол мыңдардың алдында концерт берді және танымал болды. Ол өлгеннен кейін осынау ерекше әнші туралы деректі және көркемфильмдер түсірілді. Абайдың «Арсыз болмай атак жок» дегені осындайда еске түседі.

Түйін:

Бүгінде «Абай деген ақын болмаған», «Кітапты кедей адамдар оқиды», «Мерседесті молдалар ойлап тапқан» деген ойларын ортаға салған жоғарыдағы дерт иелерін аз байқап жүрген жоқпыз. Бұларды «ақпараттық алаяқ» деп атауымызға да болады. Себебі бұл ақпараттарға имандай сенетін қауым тағы бар. Мұндайда С.Батлердің «Жарық дүниеде алаяқтардан ақымақтар көп, өйтпегенде алаяқтардың өмір сүруіне ешбір себеп болмас еді» деген сөзі еске түседі. «Өзінің ақымақтығын білген адамды данышпанға тең десе де болғандай. Ал өзін данышпанға балаған ақымақ – шын мәніндегі ақымақ» деген ғұлама сөзі мен «Дүниеде ең оңайы – біреуге ақыл айту, ең қиыны – өз-өзіңді жөнге салып, өзіңді-өзің түсіну» деген әл-Фарабидің сөзін естен шығармағанымыз абзал. Ал біз өз ақымақтығымызды білеміз бе?!

«БОЛҒАН ЖІГІТ БОЛДЫМ ДЕМЕС»

Даннинг-Крюгер эффектіне сәйкес, тәжірибесіз адамдар қате тұжырымдар жасап, сәтсіз шешімдер қабылдайды. Олар өзінің сәтсіздіктері қате шешім мен тәжірибесіздіктің нәтижесі екенін түсінбейді және өздерінің «ережелі» қабілеттеріне сенеді. «Әдетте түсінігі жетімсіздер көп білеміз деп ойлайды, ал мүлде ақылынан айырылғандар бәрін білеміз деп ойлайды» деген Дж. Бруно ойы осы көріністі сипаттайды. Ал тәжірибелі адамдар, қабілетін адекватты бағалап, өз дағдыларына сәл күмәндануға бейім. Олар басқалар ыждағаттылықпен үйренсе өздері жасай алатын нәрсені олар да оңай меңгеріп кетеді деп ойлайды. Бұл ретте «Адамның шығу тегі» кітабында Чарльз Дарвин «Надандық білімнен гөрі сенімділікті жиірек тудырады» десе, Бертран Рассел: «біздің әлемнің қиыншылығы – ақымақ адамдар тым се-

ТІРШІЛІК

5 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

Қыркүйек айында-ақ Астанада жылу беру маусымы басталды. Әдетте астана жылуға қазан айында қосылатын. Сыртқы ауа температурасының төмендеуін ескерген қала әкімдігі 2024-2025 жылғы жылыту маусымының басталуы туралы қаулы қабылдап, 24 қыркүйектен бастап тұрғын үйлерге кезең-кезеңімен жылу берді.

Бұған дейін әлеуметтік нысандардан түскен өтінімдер бойынша (мектептер, балабақшалар, емханалар) жылытуға қосылған болатын.

Әдетте жылыту маусымы сәуір айының басына дейін созылады, бірақ нақты мерзімдер ауа райына байланысты өзгеріп отырады. Ал жылыту маусымына дайындық жұмыстары әдетте жаз мезгілінде басталады. Қазандықтардың техникалық жағдайы, жөндеу және профилактикалық жұмыстар жүргізіледі.

Астана қаласы коммуникациялар қызметінде өткен онлайн баспасөз-конференцияда жылу энергиясымен қамтамасыз ететін мекемелердің жылыту маусымына күзгі-қысқы дайындық жұмыстары талқыланды. Белгілі болғандай, биыл жылыту маусымына дайындық аясында «Астана-Энергия» АҚ негізгі жабдықтарды жаңарту және жөндеу бойынша айтарлықтай жұмыстар атқарған.

— Күрделі жөндеу компанияның әртүрлі энергетикалық блогындағы 5 қазандық агрегаты мен 2 турбоагрегатта жүргізілді. Биыл энергия жабдықтары, ғимараттар мен құрылыстарға ағымдағы жөндеу жасалды, олар жылыту жүйесі жұмысының қауіпсіздігіне ықпал етеді. Алдағы 2024-2025 жылдардағы жылыту маусымына дайындық аясында «Астана-Энергия» АҚ негізгі жабдықтарды жаңартты.

2024-2025 жылдардағы қысқы-күзгі кезеңге дайындық аясында қарастырылған мәселелердің бірі — дайындықтың бірінші кезеңінде 55 жылу магистралі мен тарату желілерін тығыздық пен беріктікке тексеру мен сынақ жұмыстары болды. Сынақтан өткен 55 жылу магистралі жалпы жылу магистралі көлемінің 100%-ын құрайды. Сондай-ақ 14 сорғы стансасында және 1 жылу пунктінде жылыту маусымына дайындық жұмыстары өткізілді. Сонымен қатар ұзындығы 1217,95 м жылу желілері ішінара ағымдағы жөндеуден өтсе, ішінара жаңадан эксплуатацияға берілді, — дейді Астана қаласының Энергетика басқарма-

АСТАНА ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫН



сының басшысы Нұрлан Көпешов.

Қаланы жылытуда жылу қазандықтарының дайын және қажетті отынның, мазут пен көмір қорының жеткілікті болуы маңызды. Жалпы елорда жылына жылыту маусымында қанша көмір мен мазут жұмсайтынын сұрап, Энергетика басқармасы Жылумен жабдықтау бөліміне хабарласқан едік.

Жылумен жабдықтау бөлімінің бас маманы Жарас Болатбектің айтуынша, жылыту маусымына дайындық кезінде толықтай жөндеу жұмыстары жасалған. Жалпы ЖЭО-да көмір қоры 404 187 тоннаны, ал мазут қоры 5 250 тоннаны құрайды.

— Кәсіпорынның негізгі энергоблоктарындағы 5 қазандық және 2 турбоагрегат

күрделі жөндеуден өтті. Нақтырақ айтсақ, 1-ЖЭО-да No3,4 және No4 жылу блоктары, ал ЖЭО-2-де No1,7 және No4 жылу блоктары жөнделді. Сонымен қатар энергетикалық жабдықтарға, ғимараттар мен құрылыстарға, ЖЭО-1 және ЖЭО-2 ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қазір қаладағы барлық жылыту орталығы толықтай, 100%-ға дайын.

Ал қауіпсіздік мақсатында көмірмен, мазутпен және газбен жабдықтау электрмен жабдықтау стансаларында апаттық резервтік және жедел іс-шаралар талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі. Жаңа технологияларды енгізу жылу жүйесінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін әртүрлі энергия көзін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Қазір қолда бар жылу

қуаты сағатына 3 900 Гкал құрайды, оның ішінде: 1-ЖЭО — 794 Гкал/сағ, 2-ЖЭО — 1917 Гкал/сағ, 3-ЖЭО — 468 Гкал/сағ, ГВК «Юго-Восток» — 350 Гкал/сағ, ГВК «Туран» 325 Гкал/сағ. Аудандық қазандық — 46,09 Гкал/сағ, — деді маман.

Жылыту маусымында тұрғын үйлер мен пәтерлердегі тұрмыстық өрттің алдын алу мақсатында Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері тұрғындарға өрт қауіпсіздік ережелері туралы ақпарат берді. Бұл ақпарат өрттің алдын алу, өрт болған жағдайда дұрыс әрекет ету және өрт сөндірушілерге қалай көмек көрсету керек екені жөніндегі негізгі ережелер мен талаптарды қамтиды. Жыл сайын жылыту маусымы қарсаңында тұрғын үй кешендерінің өрт қауіпсіздігі жағдайы тексеріліп, анықталған кемшіліктер бойынша тиісті шаралар қабылданады. Кез келген адам білуге тиіс өрт қауіпсіздігі мен ыс тиюден сақтанудың бірнеше қарапайым ережесі бар екенін айтады мамандар. Олар — әр бөлмеге түгін анықтайтын қондырғы орнату және олардың жұмысын үнемі тексеріп отыру, эвакуация жоспарын зерттеу, үйден немесе ғимараттан эвакуация жоспарын қалай пайдалану керектігін білу, отпен ойнаудан аулақ болу, өрттің таралуын бәсеңдету үшін есіктерді жабу, балаларға қауіпсіздік туралы үйрету.

Төтенше жағдайлар департаменті өкілдерінің айтуынша, әрбір үйдің иесі өз үйінің өрт қауіпсіздігінің дұрыс сақталуына жауапты. Үйіндегі пештің, газ плитасының, электр сымдарының және сол секілді күнделікті үйдегі құрылғылардың қарапайым қолданылуын дұрыс сақтап пайдалануы керек. Азаматтық қорғау туралы заң бойынша Төтенше жағдайлар департаменті тұрғын үйлерге тексеріс жүргізбейді. Тек тұрғын үйлерде профилактикалық үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Нақтырақ айтсақ, өрт қауіпсіздігі туралы жадынамалар, нұсқаулықтар, ұсыным түбіршіктерін табыстайды. Және де үй иесінің рұқсатымен үйіндегі пештерін, газ балондарын дұрыс қолдану жайында ақыл-кеңестерін айтады.

Тілек ҚАБЫЛ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабы негізінде Университеттің №4 оқу ғимараты мен №6 жатақханасы ғимараттары аумағындағы ішкі автокөлік жолдары мен автотұраққа асфальт төсеу бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстарын сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұраймыз:

1. Құрылыс мердігерінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын жұмыстарды орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, орындалған жұмыстар актісі және электрондық шот-фактура);
3. Құрылыс мердігерінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Құрылыс мердігерінің жұмыстардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.

5. Құрылыс мердігері ҚҚС төлеуші болса орындалатын жұмыстар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.

6. Құрылыс мердігерінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы;

7. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында құрылыс мердігері ұсынылған жалпы сомасының кем дегенде 5 % мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBKZZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Орындалатын жұмыстардың көлемін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 09.10.2024 (12:00), №201 кабинет. Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

5 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

Америкалық профессор Майкл Браун Қазақстанға алғаш рет 2012 жылы Вайоминг университеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті арасында өзара ынтымақтастық келісімшарт жасау үшін келген. Ол уақытта ғалым бұл сапарының қазақ жерінен өз туыстарын табуға жасалған алғашқы қадамы екенін білмеген еді. Профессор Майкл Браун Вайоминг университетінің Журналистика және коммуникация мектебінде ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, зейнетке шыққан. Қазір Ресейден қоныс аударған немістердің Америкалық тарихи қоғамының директорлар кеңесінің мүшесі және олардың ғылыми журналының редакторы. Профессор Браун ресейлік немістердің Қазақстанға да қоныс аударғанын алғаш білген сәттен бастап олардың өмірін зерттей бастайды, соның барысында ата-бабасының Қазақстанда да өмір сүргенін анықтаған. Биыл қыркүйек айында ғалым Астананың солтүстік-батысындағы Карамышевқа арнайы барып, ата-бабасына зиярат етіп қайтты. Профессорға сапарлас болып, оның бұл зерттеуі мен ізденісі жайлы сұхбаттасқан едік.

Майкл БРАУН, профессор:

ТАМЫРЫМДЫ ШҰБАРАҒАШТАН ТАПТЫМ

— Профессор Браун, әңгіме-міздің әлқиссасын мұхиттың арғы жағындағы америкалық отбасыңыздың Қазақстандағы неміс халқымен қандай байланысы бар деген сауалдан бастасак? Қазақстанда туыстарым болуы мүмкін деген ой сізге қайдан келді?

— Менің туыстарым 1764 жылы Саратовтың оңтүстігіндегі Еділ (Волга өзені) аймағына қоныстанады. Алғашында оларды Екатерина II шақырып, неміс мәдениетін, дінін және тілін сақтауға рұқсат берген. Көп жыл бойы оларды салық төлеуден босатқан және балаларын патша әскері қатарында қызмет етуге міндеттемеген. Ресейде қоныс тепсе де, олар неміс екенін ұмытпады. Арғы атам балаларын алып, 1912 жылы АҚШ-қа қоныс аударды, әйтсе де, туысының көбі Ресейде қалып қойған. 1920 жылдардың соңына қарай бұрынғы Кеңес Одағы туыстарымызбен байланыс құруға рұқсат бермеді де, байланысымыз үзілді. Туыстарымыздың жартысы ашаршылық кезінде қайтыс болған, кейбірі атылды, аман қалғаны Сібір мен Қазақстанға жер аударған.

Кеңес Одағы ыдыраған тұста Қазақстанда шамамен 1 миллионға жуық неміс ұлты болған. Кейіндеу олардың көпшілігі Германия мен басқа да шетелдерге көшіп кетті. Осы елде тұрақтап қалғаны аз ғана бөлігі туралы, олардың тарихын зерттегім келді. 2016 жылы Вайоминг университетінен бөлінген гранттық қаржыландырумен Қазақстанға немістердің тарихын зерттеуге келдім. Немістер алдымен Ресейде тұрып, кейін Сталиннің бұйрығымен Қазақстанға жер аударылған. Олардың бірі 1920 жыл-



дардың соңында «кулак» (бай шаруа) деп қудаланса, 1941 жылы Гитлер Ресейге басып кіргенде жүз мыңдағаны жер аударған. Қарағанды қаласы немістер көп қоныстанған өңірдің бірі болғанын білгеннен кейін алғашқы зерттеуімді сол қаладан бастадым. Қарағандыға келгенімде Еділ өңірінен қоныс аударған немістермен сөйлестім, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін көптеген неміс осында шоғырланғанын білдім. Содан 1920 жылдары немесе 1940 жылдары жер аударған туыстарымды осы өңірден табармын деген үміт пайда болды.

— Қазақстандағы туыстарыңызды анықтауға кімдер көмектесті? Іздеу жұмысы қалай басталған еді?

— Қазақстанға келгенде алғаш тапқан деректерім таң қалдырды. Қасымда еріп жүрген қазақстан-



ковамен байланыс орнаттым. Бұл қазақстандық ғалымдар Қазақстандағы немістер туралы зерттейді. Оларға аталарымның тегі «Брух» деп жазылғанын айтып, Карамышевқа бара қалса, ата-бабам жайлы ақпарат қарастыруын өтіндім. Бір қызығы, сол уақытта Арайлым мен Зәуре Карамышевқа туралы мұрағат деректерімен зерттеу жасап жатқан екен, маған 1920 жылғы халық санағы мәліметтерін жіберді. Бұл құжаттан жиырмаға жуық туысымның есімін таптым. Сонымен қоса, бұл ауылда 1920 жылдары тек неміс ұлты тұрғаны белгілі болды. Таң қалдым. Себебі мұндай құнды деректерді табуым, тіпті сол ауылға баруға болады деп үміттенбеген едім.

— Ал Карамышевқа ауылына қалай бардыңыз? Отбасы тарихын тануға тың деректер таба алдыңыз ба?

— 2024 жылдың қыркүйек айында Қазақстанға келуді жоспарладым. Сапардың негізгі мақсаты — Вайоминг университеті мен ҚазҰУ арасындағы байланысты дамыту болды. Біз алғаш ҚазҰУ-мен келісімшарт жасаған 2012 жылдан бастап тығыз жұмыс істеп келеміз. Карамышевқа сапарым отбасымның тарихы үшін маңызды боларын күтпеген едім. Бұл сапарды жоспарлап жатқанда әріптес ғалымдар Арайлым Мұсағалиева мен Роза Мұсабекова бізге қосылуға ниет білдірді, Қазақстанда тұрған неміс ұлтының тарихына қатысты құнды ақпараттар берді. Арғы атабабама дәм-түз бұйыртқан қазақ еліне келгеніме, отбасылық тарихымыздағы аңызды ақиқатқа айналдыруға себепші болған Карамышевқа ауылына жол түскеніме және мен үшін маңызы зор болған сапарда жанымнан жақсы адамдардың табылғанына шексіз ризамын.

Қазір Карамышевқа ауылының атауы Шұбарағаш деп өзгертілген және мұнда немістер қалмаған. Көпшілігі Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Германияға көшіп кеткен. Бұл сапарда зиратқа барып, көп туысымның бейітін таптым. Зираттағы белгілерде олардың суреті, аты-жөні, олардың туған және өлген жылы көрсетілген. Туыстарымның зират басында тұрып, қазіргі отбасым олардан хабарсыз екенін ойладым және арғы ата-бабамның жатқан жеріне келгеніме шексіз қуандым. Жиырмадан астам туысымның бейітін таптым, ең көнесі 1940 жылдардан басталады. Өкінішке қарай, ескі зираттағы бейіттердің көпшілігінде белгідегі жазулар өшіп қалған. Көп туысым сол жерде жерленгеніне сенімдімін. Бір қызығы, зират басынан сыртқа шыққанда біздің кім екенімізді білмекке ауыл тұрғыны жақындады. Ол кісі ұзақ жылдар бойы осы ауылда қызмет еткен зейнеткер екен. Оның айтуынша, бұл ауылда Брухтар отбасы ерекше танымал болған.

— Профессор Браун, бұл сапарыңыз ғылыми зерттеуіңізге көмектесе ала ма? Болашақ жоспарыңыз қандай?

— Бұл сапар — менің ғылыми зерттеуімнің басы да, соны да емес. Отбасылық тарихымды тереңірек зерттеуге арналған жаңа мүмкіндік деп ойлаймын. Қазір Ресейлік немістердің Америкалық тарихи қоғамының мүшесімін және болашақта осы қоғамдастық өкілдерімен кездесіп, Қазақстанға сапарым туралы тәжірибеммен бөлісемін. Бір айта кетерлігі, осы қоғамдастыққа мүше неміс ұлтының кейбір өкілдерінің өз ата-бабалары Қазақстанда тұруы мүмкін деген болжамы болғанымен, нақты деректері жоқ. Олар үшін менің Карамышевқа сапарым туралы ақпарат пайдалы боларына сенімдімін және олар менімен кездесуді асыға күтуде. Бұл сапарым өзімнің тек отбасылық тарихымды анықтау қажет деген жеке мүдделік қызығушылымымнан да асып түскен сияқты. Себебі Америкадағы ғалымдар Қазақстандағы немістер туралы білетін болады және Қазақстан АҚШ-пен өзара тығыз қарым-қатынас орнатылған ел ретінде таныла түсері сөзсіз.

Осы сапар барысында түйгенім, отбасымның тарихын бұрынғыдан да тереңірек түсініп болдым және Қазақстанмен байланысымның салмағы бұрынғыдан да артқанын сезіндім. Қазақстанға келген алғашқы сапарымнан 12 жыл өткенде мұндай нәтижеге қол жеткіземін деп күтпеген едім. Өзім және отбасым атынан осы сапарымның сәтті болуына атсалысқан барлық қазақстандық достарыма, ғалымдарға, «Хабар» арнасының түсірілім тобына айтар алғысым шексіз. Менің Қазақстанға сапарым әлі де жалғасады деп сенемін!

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Қарлыға МЫСАЕВА

ДОДА

Күрес – ұлттық рухты көтеретін, патриотизм мен бірлікті насихаттайтын спорт түрі. Алайда бүгінде балуандарымыз бірқатар мәселемен бетпе-бет келіп отыр. Күрестің дамуына қандай өзгерістер қажет екенін, шетелден келген легионерлерді шақырудың тиімділігін білмек болып мамандардан жауап алуға тырысқан едік.

А Эсет
ҚАЛИ

Ислам БАЙРАМУКОВ,
Сидней Олимпиадасының күміс жүлдегері:

ТАКТИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ ӘЛСІЗ



Жалпы, біздің төл спортымыз ретінде саналып кеткен күрес халқымыз үшін қашанда биік тұратыны сөзсіз. Жыл сайынғы жарыстарда, олимпиада төнірегінде жастарымыз, тәжірибелі күресшілеріміз өз бақтарын сынауда. Алайда соңғы олимпиададағы нәтижені ескерсек, күрестің халі елімізде мүшкіл екенін көреміз. Оған бірнеше себеп бар. Күрестің бастапқы мәселесі ретінде құрамадағы жігіттердің тактикалық дайындықтарының әлсіз екенін айтуға болады. Әр жарыс бапкер үшін де, спортшы ретінде де өте маңызды. Сондықтан әр қарсыластың күрес деңгейін анықтап, оны жіті зерттеуден өткізу керек. Содан кейін барып арнайы соған қарсы тактикалық дайындық жасалуға тиіс. Қай жерде шалу, қолды тұсап ұстау деген секілді тапсырмалардың арқасында спортшыларымыздың тактикалық өрісі кеңейеді. Екінші мәселе – физикалық тұрғыда жігіттеріміздің нашар екеніне көзіміз жетті. Әлемдік аренадағы дода болғандықтан спортшыларымыз бар күшін жұмсауға тиіс. Физикалық күш ерік-жігер арқылы келеді. Осы ерік-жігерімізді әлі де қатайту керек деп ойлаймын. Тағы да айта кететін жайт, жігіттеріміздің психологиялық жағдайы



КҮРЕСТІҢ КҮНІ ЖАРҚЫРАСЫН ДЕСЕК...

төмен. Егер спортшыларымыз психологиялық түрде мығым болса, кез келген қарсыластың жеңіліп бара жатып та жеңіп кетуге қауқары жететін еді. Енді олимпиададан кеткен кателіктерімізді талдап, әбден зерттеу керек. Әр ұтымды пікірді тыңдай отыра нақты бір шешім шығару керек.

Легионердің де легионері бар. Әр күрес салмағы бойынша спортшыларымыз олимпиадада топ жарғаны былай тұрсын, жолдаманың өзін ала алмайтын жағдайға жетсе, онда бізге өзгеріс қажет. Өз ойым әр салмаққа тым болмаса бір легионер спортшыны қосып, күресшілермізбен өз тәжірибесін бөліссе жақсы болар еді. Кезінде бірге спарринг жасаған Ильмади Джабраилов, Игорь Климов сынды даңқты спортшылардың арқасында мен үлкен тәжірибе алдым. Сол сияқты енді өсіп келе жатқан жастардың күреске деген дағдыларын өсіруді көздесек, кейбір легионерлердің болғаны дұрыс деп ойлаймын.

Ақжүрек ТАҢАТАРОВ,
Лондон Олимпиадасының қола жүлдегері:

ЛЕГИОНЕР БАПКЕРЛЕР КЕРЕК

Қазақ күресінің негізгі мәселелерінің бірі дисциплина, яғни тәртіп дер едім. Командада тәртіп болуы керек. Тәртіп арқылы спортшы дайындық процесіне және жарыстарға дұрыс көзқараспен қарап, жаттығулар мен тактикаларды қатан түрде орындайды. Сонымен қатар ол жаракаттардан сақтануға, қарсыластың



әрекеттеріне жылдам жауап беруге және ұзақмерзімді табыстарға жетуге ықпал етеді. Одан кейін жаттықтырушы құрамды ауыстыру керек деп ойлаймын. Неге десеніз? Бірінші себеп – нәтиженің болмауы. Спортшылар күткендей өнер көрсетпеуі мүмкін, бұл басшылықты басқа тәсілмен жана жаттықтырушылар іздеуге мәжбүр етеді. Әр түрлі жарыстардағы жанжал, даулар да өзгерістерге елеулі себеп болатыны сөзсіз. Жана максаттар мен стратегиялар жана көзқарасты талап ететіндіктен де бапкерлердің ауысканын күп көреміз.

Менің ойымша, енді келген легионерлер қазақтың балаларын сындырады. Көп жерлерде легионерлерді әкелу тиімді, олардың тәжірибелері біздің спортшыларымыз үшін үлгі болмақ деп жатады. Менің оларға жауабым нәтиженің легионер бапкерлерді алдырмаймыз. Легионер спортшы тек бір-ақ адам ол кез келген уақытта спортты тастап кете алады. Одан бөлек ол залдағы 30 баламен емес, тек өзінің салмағындағы ғана 2-3 адаммен күреседі. Нәтижесінде, жанағы 2-3 бала ғана

5 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

спорттық дәрежеде өседі. Ал бапкердің жағдайы бөлек. Ол тек 30 баланы ғана емес, 300 баланы қолынан өткізіп, үлкен жетістіктерге әкеле алады. Сондықтан легионер спортшыны емес, легионер бапкерді әкелуді дұрыс деп санаймын.

Аслан ҚАЖЕНОВ,
спорт журналисі:

САЛА ҮЗДІКТЕРІ ФЕДЕРАЦИЯ
ҚҰРАМЫНДА ЖОҚ

Отандық күресімізде, өкінішке қарай, динамика түсіп бара жатқаны рас. Париж олимпиадасындағы Демеудің бір жетістігімен оны толтыра да алмаймыз. Оның өзінде Демеудің бас бапкері олимпиадаға бармай қалды. Оны осында отырып Қазақстан федерациясы шеттетіп жіберді. Жалпы, осы Париж олимпиадасына дайындықтың өзіне еркін күреске 698 миллион, ал грек-рим күресіне 701 миллион теңге бөлінген. Ол ақшаның қайда кеткенін ешкім білмейді. Жауапты федерация есеп бермей отыр. Десе де, бұл – бюджеттің ақшасы, халықтың ақшасы болғандықтан, халық әр теңгенің есебін білуі керек. Тағы бір қынжылатынымыз, Ақжүрек Танатаров, Мәулен Мамыров, Ислам Байрамуков, Екатерина Ларионова сынды басқа да осы саланың үздіктері федерация құрамында жоқ. Олар отандық балуандардың дайындығына қатыса алмай, ақыл-кеңестерін айта алмайды. Осы жағдайда спорт жанкүйерлері, әсіресе күрес жанкүйерлерінің іші ашиды.

Тәуелсіздік жылдардан бастап легионерлерді ең көп тартқан бағыт осы күрес болып есептеледі. Сол кезде келген балуандар өзінің тарихи отанына оралды. Жетістікке жеткендер ақшасын алып, сыйақымызды қалтасына басып тайып тұрды. Осыған қарамастан әлі де шетелден спортшы әкелуді тоқтатпай жатыр. Нәтижесінде, байрақты бәсекелерден еш нәтиже бермейтіндігіне көзіміз жетті. Тіпті, Мемлекет басшысының өзі бұл жағдайды үлкен сынға алған болатын. Шеттен легионер тарту мәселесін жіті қарау жөнінде тапсырма берді. Бірақ сонда да Қазақстан күрес федерациясы оны да пысырмай тұр деп айтуға болады. Алда жана реформалар, жаңа өзгерістерді күтеміз.

ЖӘНІБЕК ЖАРАДЫ

Сиднейде өткен кәсіпқой бокс кешінде қазақстандық боксшы Жәнібек Әлімханұлы (16-0, 11 КО) жаңазеландиялық Андрей Михайловичті 9-раундта нокаутпен жеңді.

Жекпе-жек 12 раундқа жоспарланған еді. Бірақ Жәнібек кездесудің басынан бастап қарқынды үдете түсті. Сөйтіп, қарсыласын 2-раундта нокаутқа түсірсе, 9-раундта техникалық нокаутқа жіберді.

Осылайша, Жәнібек Әлімханұлы кәсіпқой мансабындағы 16-жеңісіне қол жеткізіп, IBF және WBO белбеулерін сәтті қорғады. Ал Андрей Михайлович кәсіпқой рингтегі алғашқы жеңілісіне ұшырады.

АСТАНАЛЫҚ КЛУБ
ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

UEFA Конференция лигасының жалпы кезеңіндегі алғашқы ойынында елордалық клуб Сербияның «Бачка Тополаны» командасымен кездесті.

Екі команда да алғашқы минуттан жылдам гол соғу мүмкіндігін іздеді. Ойынның 15-минутында елордалық клубтан Кипрас Казуколовас қарсыластар қақпасынан саңылау тауып кетті. Бұдан кейін сербиялық футболшылар таразы басын теңестіруге ұмтылды. Соған қарамастан, бірінші кезеңде таблодағы есеп өзгеріссіз қалды.

Екінші кезеңде де қонақтар басымдықты арттыра түсті. Десе де, олар өз мүмкіндігін сәтті пайдалана алмады. Осылайша, «Астана» қарсыласынан 1:0 есебімен басым түсіп, аталған турнирдегі алғашқы жеңісіне қол жеткізді.

Енді елордалық ұжым 24 қазан күні сырт алаңда Уэльстің «Нью-Сейнтс» командасымен ойнайды. Одан кейін 7 қарашада – «Пафос», 28 қарашада – «Витория», 12 желтоқсанда – «Челси», 19 желтоқсанда АПОЭЛ клубтарымен кездеседі.

ШАХМАТТАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТУРНИР БАСТАЛДЫ

Шығыс Қазақстан облысында шахматтан «Oskemen Open-2024» халықаралық турнирі басталды.

Дүбірлі додаға 15 елден 200-ге жуық спортшы қатысып жатыр. Олар 9 күн бойы өзара сынға түсіп, швейцар жүйесі бойынша өзара мықтыны анықтайды. Жүлде қоры – 50 мың АҚШ доллары. Сонымен қатар бұл жарыс Қазақстан кубогінің екінші кезеңі болып саналады.

Алғашқысы мамыр айында Ақтөбеде өтсе, үшіншісі қазанда Павлодарда ұйымдастырылады. Ал финал жеңімпаздарының тізімі қарашада Астанада белгілі болады.

Жалпы, халықаралық деңгейдегі осындай сайыс Өскеменде бірінші рет өтіп жатыр. Еліміздің Шахмат федерациясы өкілдерінің айтуынша, бұл осы спорт түрін еліміз бойынша танытуға мүмкіндік береді. Өңірде шахмат ойынын мектептерге енгізіп, шахмат үйін ашу жоспарланып отыр.

